

Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 109 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 3 наурыздағы
№ 109 қаулысымен
бекітілген

Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы

Осы Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы (бұдан әрі - Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасы) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын, "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 (бұдан әрі - Бас схеманың негізгі ережелері) және "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 (бұдан әрі - Өңірлерді дамыту бағдарламасы) қаулыларын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына, аумақты ұйымдастырудың экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес әзірленді.

Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасы аумақты дамыту перспективаларын және оның инфрақұрылымға ұзақ мерзімді қажеттілігін айқындайтын қала құрылысы

стратегиясы болып табылады. Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасы ережелерін іске асыру кезектілігі, қаржыландыру көздері және көлемі бюджет мүмкіндіктері ескеріле отырып, мемлекеттік бағдарламалар және аумақтарды дамыту бағдарламалары деңгейінде айқындалады.

Ақтөбе агломерациясының жоспарлау құрылымының негізгі элементтері мыналарды қамтиды: агломерация орталығы, белсенді агломерациялық процестер аймақтары, агломерациялық байланыстарды дамыту аймақтары, агломерацияның экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймақтары.

Агломерацияның орталығына экономикалық және аумақтық өсу әлеуетін шоғырландыратын, агломерацияны қалыптастыру мен дамыту катализаторының орталық функциясын орындайтын қала жатады.

Белсенді агломерациялық процестер аймағына негізгі магистральдық қоныстандыру арналары бойында агломерация орталығынан 0,5 сағаттық көліктік қолжетімділік радиусындағы аумақтар жатқызылды, олар елді мекендердің жоғары шоғырлануы мен жақын орналасуы нәтижесінде аумақтық жағынан өседі және/немесе есу болжамы жоғары болады.

Аталған аймақтың қала құрылысын жоспарлау орталық қаламен урбандалу тұтастығын ескере отырып жүзеге асыру қажет.

Агломерациялық байланыстарды дамыту аймағына агломерация орталығынан 1,5-сағаттық көліктік қолжетімділік радиусында, агломерациялық процестер аймағынан тыс жерлерде орналасқан елді мекендері бар аумақтар жатқызылды. Қазіргі уақытта аталған аймақтың елді мекендері бір-бірінен бірталай қонысаралық кеңістіктегі қашықтықта орналасқан, олардың басым бөлігін ауыл шаруашылығы алқаптары алып жатыр.

Аталған аймақтың аумақтық және табиғи-шикізаттық ресурстары агломерацияның экономикалық әлеуетін дамыту мен орналастырудың базалық негізі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Аумақтың шикізат, еңбек, энергетикалық және табиғи ресурстарын талдауға сүйенсек, жалпы қоныстандыру жүйесі мен агломерация экономикасы қаңқасының құрылымдық элементтерінің тірек даму нүктелерін, рөлдік функциясын анықтау маңызды болады.

Ресурстық әлеуеті бар және көліктік-логистикалық жағдайы бойынша тиімді пункттерде орналасқан аса ірі қоныстар осындай тірек нүктелері болып табылады.

Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасының негізгі міндеттері:

1) агломерацияны дамытудың оңтайлы бағыттарын қалыптастыру мақсатында аумақтың шекарасына кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктердің мүдделерін ескере отырып, жобаланатын аумақтың ұтымды жоспарлы ұйымдастырылуын айқындау;

2) аумақты функционалдық аймақтарға бөлу, халықты қоныстандыру және өндіргіш күштерді орналастыру жүйесін жетілдіру, инженерлік, көліктік, әлеуметтік және

рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту, елдің басқа өңірлерімен өңіраралық өзара іс-қимыл жасау, аумақтарды қауіпті техногендік және табиғи процестерден қорғау, аумақтың экологиялық ахуалын жақсарту және қоршаған ортаны қорғау жөнінде негізделген ұсыныстар кешенін әзірлеу.

Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасында жобалаудың аралық (2020 жыл) және есептік (2030 жыл) мерзімдерге арналған перспективалық қала құрылысын дамытудың жобалық ұсыныстары қамтылған. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер осы Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасына 1-қосымшада келтірілген.

Ақтөбе агломерациясын ұзақ мерзімді дамытудың жобалық ұсыныстары осы Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасына 2-10-қосымшаларда келтірілген.

Ақтөбе агломерациясының аймағына кіретін елді мекендердің тізбесі осы Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасына 11-қосымшада келтірілген.

1. Жоспарланатын аумақты аймақтарға бөлу

Бас схеманың негізгі ережелерінің 5-бөліміне сәйкес функционалдық аймақтар 4 негізгі топқа бөлінген:

1) қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары;

2) қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;

3) шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар;

4) шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда аталған аймақтардың әрқайсысының құрамында тиісті кіші аймақтарды атап көрсетуге болады.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерде келтірілген алаңдарды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтың жобалық жер теңгерімі жасалды.

1.1 Қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары

Қоныстандырудың кіші аймағы

Ақтөбе агломерациясының өңіраралық схемасында негізгі жоспарлы осьтер (Хромтау - Ақтөбе - Мәртөк) және екі қосалқы жоспарлы осьтер (Мәртөк - Ақтөбе - Қандыағаш - Алға - Ақтөбе) анықталды. Агломерацияның негізгі жоспарлау орталығының өзегі - Ақтөбе қаласы, ал Алға, Хромтау, Қандыағаш қалалары, сондай-ақ Кобда және Мәртөк ауылдары екінші қосалқы тартылыс орталығы болып табылады.

Ақтөбе агломерациясы үшін агломерация өзегіне дейін 1,5-сағаттық көліктік қолжетімділік айқындалды.

Халықтың тығыздығы және агломерация өзегі мен аудандық жергілікті қоныстандыру жүйелері орталықтарының байланыс қарқындылығы бойынша қарқынды және белсенді агломерациялық процестердің аймақтары анықталды.

Ақтөбе агломерациясының экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймағының көліктік қолжетімділігінің 1,5-сағаттық изохронына орталық - Ақтөбе қаласы, Хромтау, Алға, Қандыағаш қалалары, Алға, Қарғалы, Мәртөк, Мұғалжар, Қобда және Хромтау аудандарының бірқатар ауылдық елді мекендері кіреді.

Ақтөбе агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағындағы елді мекендерінің алаңы:

- 1) Ақтөбе қаласы - 42846,9 га;
- 2) Ақтөбе қаласының қалалық әкімшілігі (Ақтөбе қаласын есепке алмағанда) - 37085 га;
- 3) Алға ауданы - 102179 га;
- 4) Қарғалы ауданы - 85437 га;
- 5) Қобда ауданы - 62369 га;
- 6) Мұғалжар ауданы - 60259 га;
- 7) Мәртөк ауданы - 123707 га;
- 8) Хромтау ауданы - 73937 га құрайды.

Агломерациялық процестерді дамыту аймағындағы елді мекендердің алаңы 587,82 мың га құрайды.

Жобалаудың есептік мерзіміне қарай Ақтөбе қаласын есепке алғанда қалалық және ауылдық елді мекендердің жалпы алаңы 594 050 га құрайды. Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруды, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысын дамытуды негізгі мақсат етіп көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасына сәйкес (бұдан әрі - "Нұрлы жер" бағдарламасы) 2030 жылға қарай елді мекендер алаңын 6230 га арттыру көзделген.

Көліктік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы

Автомобиль жолдарының кіші аймағы

Ақтөбе агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймағының шекарасындағы автомобиль жолдарының ұзындығы 2352,2 км, оның ішінде:

- республикалық маңызы бар - 680,9 км;
- облыстық маңызы бар - 495,2 км;
- аудандық маңызы бар - 1176,1 км құрайды.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары жерлерінің жобалық алаңдары "Автомобиль жолдары үшін жер бөліп беру" ҚР ЕЖ 3.03-102-2013 сәйкес белгіленген.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және автомобиль жолдарын пайдалануға жағдай жасау үшін жолда жүру қауіпсіздігінің талаптарын ескере отырып, оларды пайдаланудың ерекше режимі белгіленіп, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінетін белдеулерге екі жағынан іргелес жатқан жер учаскелері түрінде жол бойындағы белдеулер жасалады.

Теміржол кіші аймағы

Ақтөбе агломерациясының қолданыстағы теміржол желісі мынадай теміржол магистральдарының учаскелерінен тұрады:

Жайсаң - Ақтөбе (Батыс Қазақстан облысы, Ресей Федерациясының Орынбор қаласы бағытында);

Ақтөбе - Қандыағаш (Қызылорда, Атырау облыстары бағытында);

Қандыағаш - Никельтау (Солтүстік Қазақстан облысы, Ресей Федерациясының Орск қаласы бағытында).

Ақтөбе агломерациясы шегіндегі теміржол желілерінің жалпы ұзындығы шамамен 676,4 км құрайды. Оның ішінде: бір жолды жол - 566,8 км, екі жолды жол - 109,6 км құрайды, электрлендірілген учаскелер жоқ.

Жердің жобалау алаңдары "Теміржолдар үшін жер бөліп беру" ҚР ЕЖ 3.03-116-2014 сәйкес теміржол құрылыстарының сақталуын, тұрақтылығын, беріктігін және жылжымалы құрамдардың қозғалу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында айқындалады, теміржолдарды орналастыру үшін жер учаскелерін беруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар теміржолдарды ұсыну жолағына қосылмайтын теміржолдардың бақыланатын аймақтарын белгілейді, олардың шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды және басқа да объектілерді жобалау мен салуға, теміржол көлігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның алдын ала келісімінсіз мал жаюды ұйымдастыруға тыйым салынады:

елді мекендерден тыс жерде - теміржолдарды ұсыну белдеулерінен екі жаққа 50 метр қашықтықта;

елді мекендерде - теміржолдарды ұсыну белдеулерінен екі жаққа 20 метр қашықтықта.

Энергетика желілерінің кіші аймағы

Энергетика желілерінің кіші аймағына энергетикалық инфрақұрылым, оның ішінде электр станциялары, электр беру желілері, қосалқы станциялар, тарату пункттері және басқа да электр желісі шаруашылығы орналасқан аумақтар жатады.

Электр берудің әуе желілері үшін электр желілерінің қорғалған аумақтарының жалпы алаңы "Электр желілері объектілерінің қорғалған аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше

шарттарын белгілеу қағидаларын бекіту туралы"" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 330 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 115735 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2017 жылғы 7 қарашада жарияланған) айқындалған.

Электр желілерінің күзет аймағы аумағының жалпы алаңы 25563,75 га құрайды.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлердің алаңы 28966,7 га құрайды.

1.2. Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары

Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары қарқынды және экстенсивті ауыл шаруашылығы қызметінің кіші аймақтарын қамтиды.

2017 жылдың басында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 2253681 га, оның ішінде егістік жерлер - 341582 га, соның ішінде суармалы жерлер - 25241 га, шабындықтар - 58304 га, жайылымдар - 1506642 га болды.

Мал шаруашылығының даму перспективасына байланысты 2030 жылға қарай Ақтөбе қалалық әкімшілігі (30000 га), Алға (30000 га), Қарғалы (1877 га), Мәртөк (35000 га), Мұғалжар (35000 га), Қобда (30573 га) және Хромтау (40550 га) аудандарындағы босалқы жерлер санатындағы жайылымдарды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыстыру немесе шалғайдағы жайылым ретінде пайдалану қажет.

Босалқы жерлер мен арнайы жер қорының құрамындағы көлемі 58249 га жыртылған тыңайған жерлерді деградациялық процестерді болдырмау, жасыл екпелерді сақтау және көбейту мақсатында бүкіл аумақта бейімделген-ландшафттық тәсілді енгізу шартымен ауыл шаруашылығы айналымына тарту ұсынылады.

2030 жылы тыңайған жерлер мен босалқы жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту есебінен ауыл шаруашылығы жерлерін 2514930 га дейін өсіру көзделген.

1.3. Шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар

Табиғи немесе мәдени ландшафтқа айтарлықтай зиян келтіре алатын өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы өндірістерін, табиғи ресурстарды пайдаланудың басқа түрлерін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режимді орнату шаруашылық игеру шектелген аумақтарды пайдаланудың негізгі қағидаты болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

2017 жылғы жағдай бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (бұдан әрі - ЕҚТА) жерлері Ақтөбе агломерациясының перспективалы экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймағында 217566,2 га құрайды.

Ақтөбе агломерациясының орман ресурстары мен биологиялық алуантүрлілігін сақтау үшін жаңа ЕҚТА құру, сондай-ақ экологиялық желіге табиғи-қорық қорының объектілері түріндегі басты орнитологиялық аумақтарды қосу ұсынылады.

2030 жылға қарай Қарғалы ауданында "Қарғалы" мемлекеттік өңірлік табиғи паркін құру ұсынылады, мұнымен ЕҚТА алаңы 25 000 гектарға ұлғаяды, сондай-ақ жергілікті маңызы бар 11 мемлекеттік табиғат ескерткішін ұйымдастыру ұсынылады.

Орман қорының жерлері

Орман қорының жерлері орманмен көмкерілген, сондай-ақ орманмен көмкерілмеген, бірақ орман шаруашылығы қажеттіліктері үшін ұсынылған жер учаскелері болып танылады.

2017 жылдың басында орман қорының жерлері Ақтөбе агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймағында 41603 га құрады.

Агломерация аумағында жасыл екпелерді қорғау үшін Ақтөбе қаласы мен аудандарындағы жасыл аймақтар алаңын 2020 жылға қарай 4385 га, 2030 жылға қарай 17100 га дейін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

Қабылданатын шаралар Ақтөбе агломерациясының экологиялық ахуалын тұрақтандыруға және жақсартуға мүмкіндік береді.

1.4. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар

Магистральдық газ құбырларының кіші аймағы

Ақтөбе облысының қомақты жылу-энергетикалық ресурстары бар, олардың басым бөлігі, 50 %-дан астамы көмірсутекті шикізатқа тиесілі болады.

Жылу-энергетикалық ресурстарды тұтынуды облыс 80 %-ға өз ресурстарынан қамтамасыз етеді. Облыстың елді мекендерін газбен жабдықтау Ақтөбе агломерациясының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер кешенін шешуге мүмкіндік береді.

Облыс аумағынан екі магистральдық газ құбыры өтеді: "Бұқара - Орал" және "Жаңажол - Ақтөбе".

Облыс бойынша жоғарғы, орта және төмен қысымды газ құбырларының жалпы ұзындығы 3454,5 км, оның ішінде магистральдық газ құбырларының жалпы ұзындығы 2520 км құрайды.

Су қоры жерлері

2016 жылдың басындағы жағдай бойынша Ақтөбе агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймағында су қоры жерлерінің алаңы 6667 га құрайды.

Ақтөбе агломерациясының аумағындағы су объектілеріне арналған су қорғау аймақтары мен белдеулері қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленген.

Әзірленген жобалары жоқ су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері " Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 92931 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 тамызда жарияланған) сәйкес қабылдануы тиіс:

шағын өзендер үшін (ұзындығы 200 км) су қорғау аймағы - 500 м;

шаруашылыққа пайдаланудың карапайым жағдайлары мен су жинаудағы қолайлы экологиялық жағдайы бар өзендер үшін - 500 метр, шаруашылыққа пайдаланудың күрделі жағдайлары мен су жинаудағы қауырт экологиялық жағдайы бар өзендер үшін - 1000 метр.

Тарихи ескерткіштер және құрылыстар орналасқан аумақтар

Ақтөбе агломерациясының бай тарихи-мәдени мұрасы бар. Зерттелетін аумақта еліміздің мәдени игілігінің маңызды және бірегей бөлігі шоғырланған.

2017 жылдың басында Ақтөбе облысындағы сәулет мұрасының 9 объектісі Қазақстанның республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілді. Соның ішінде Ақтөбе агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуетті даму аймағында 4 объект, 3-еуі - Ақтөбе қаласында және 1-еуі - Мұғалжар ауданында орналасқан.

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 180 қаулысына сәйкес жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне 650 бірегей ескерткіш қосылды. Оның ішінде - 544 археология ескерткіші, 99 қала құрылысы мен сәулет ескерткіші, 7 ансамбль бар. Ақтөбе агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағында жергілікті маңызы бар 521 ескерткіш орналасқан.

Агломерация аумағында тас ғасырының 3 ескерткіші, қола дәуірінің 94 ескерткіші, ерте темір ғасырының 309 ескерткіші, Ұлы Жібек жолы мен орта ғасырлар дәуірінің 50 ескерткіші, 60 сәулет және қала құрылысы ескерткіші бар.

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және анықталған қала құрылысы регламенттері өңір агломерациясын аумақтық дамытудың жобалық ұсыныстарының негізі болды.

Ақтөбе агломерациясының болжамды жер теңгерімі осы Өңіраралық схемаға 1-қосымшада берілген.

2. Аумақты қала құрылысына игеру және дамыту

Ақтөбе агломерациясы аумағының қала құрылысын игеру және дамыту функционалдық аймақтарға бөлуді қатаң сақтай отырып, ауыл шаруашылығы, рекреациялық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік және құрылыс қызметін жүргізудің құндылығы мен орындылығы өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Ақтөбе агломерациясы аумағының қала құрылысын игерудің бірінші кезектегі бағыттарына өңір халқын қоныстандыру, өндіргіш күштерді орналастыру, өңірдің инженерлік-көліктік инфрақұрылымын дамыту, аумақты инженерлік қорғау мен қоршаған ортаны сақтау және функционалдық мәні бойынша аумақты аймақтарға бөлу жөніндегі жобалық ұсыныстар кешені жатады.

Аумақтың қала құрылысын игерудің басымдылығы аймақтар бойынша жүзеге асырылады, ондағы агломерациялық процестер халықтың тығыздығына сәйкес және агломерация орталығына (орталықтарына) қатысты орналасуына қарай қарқынды, белсенді, әлсіз еңбек және өндірістік байланыстарға ие болады.

Агломерациялық процестерді қалыптастыру аймақтарының алаңы 997 мың га құрайды, соның ішінде:

қарқынды агломерациялық процестер аймағы - 271974 га;

белсенді агломерациялық процестер аймағы - 487423 га (қарқынды агломерациялық процестер аймағын есепке алмағанда);

әлсіз агломерациялық процестер аймағы - 237603 га (қарқынды және белсенді агломерациялық процестер аймақтарын есепке алмағанда).

Ақтөбе агломерациясының құрамына кіретін елді мекендер аумақтарының қала құрылысын игеруді реттеу, дамыту және аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.

3. Өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көлік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды жайғастыру мен орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шаралар Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары

Ақтөбе агломерациясы елдің перспективалық агломерациясы ретінде белгіленген және елдің батысындағы әлеуетті агломерациялық орталық болып табылады.

2017 жылғы 1 шілдеде Ақтөбе агломерациясының аумағында 634,8 мың адам тұрды. Бұл ретте қалалық жерде - 495,1 мың адам (78,0 %-ы), ал ауылдық жерде 139,7 мың адам (22,0 %-ы) тұрды.

Ақтөбе агломерациясы үшін жоғарғы урбандалу деңгейі тән (78,0 %-ы). Алайда өңірде бір шаршы километрге 63,6 адамнан келетін төмен халық тығыздығы байқалады (Алматы -255,5, Шымкент-184,8, Астана-48,0).

Қалыптасқан қоныстандыру жүйесінің жоспарлы қаңқасы қала маңындағы елді мекендері бар көлік байланысы жүйесінің радиалды-шұғыла бағыттылығымен сипатталады.

Агломерация халқы санының оң серпіні, ең алдымен, халықтың табиғи өсімімен байланысты. Ақтөбе агломерациясының құрамына кіретін қалалар мен аудандардың табиғи өсу коэффициенті Қобда ауданында 1000 тұрғынға 4,96 адамнан келетін болса, Ақтөбе қалалық әкімшілігінде 1000 тұрғынға 19,80 адамға дейін ауытқиды. Көші-қон өсімі 2016 жылы 1604 адамды құрады.

Ақтөбе агломерациясының жас бойынша құрылымы еңбекке қабілетті жастағы халықтың жоғары үлесімен - 64,4 %-ы (орташа республикалық көрсеткіш 60,8%-ы жағдайында) сипатталса, ал балалардың үлесі 26,0 %-ды, еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлес салмағы 9,6 %-ды құрайды.

Агломерациялық байланыстардың перспективалық даму аймағындағы 112 елді мекеннің 108-і (96,4 %-ы) ауылдық елді мекен болып табылады.

Ақтөбе агломерациясының аумағында халық саны бойынша орташа және шағын ауылдар басым. Ақтөбе агломерациясының құрамына кіретін ауылдық елді мекендердің ішінде ірі ауылдар 9,3%-ды, үлкен ауылдар 21,3 %-ды, орташа ауылдар 49,1 %-ды және шағын ауылдар 20,4 %-ды құрайды.

Ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі - АЕМ) орташа адам саны агломерация бойынша 1240 адамды құрайды. АЕМ желісінің тығыздығы агломерация бойынша орта есеппен аумақтың 1000 шаршы километріне 8,3 елді мекенді құрады. Елді мекендер мен агломерация өзегі арасындағы орташа арақашықтық 63 км құрайды. Агломерацияның АЕМ арасындағы орташа арақашықтық - 11 км.

Жалпы алғанда, АЕМ жүйесінде есептік мерзімге қарай ауыл тұрғындары санының өсуі күтіліп отыр. Бұл ретте үлкен және орташа АЕМ саны көбейеді, ал шағын АЕМ азаяды деп күтіліп отыр.

Жасты жылжыту әдісімен есептелген халық санының болжамына сәйкес 2030 жылға қарай Ақтөбе агломерациясын әлеуетті агломерациялау аймағында халық санының 1000,9 мың адамға (немесе 57,7 %-ға), оның ішінде агломерация өзегінде - 745,4 мың адамға (немесе 74,5 %-ға) көбейеді деп күтіліп отыр. Агломерация халқы санының өсуі Ақтөбе қалалық әкімшілігінде халықтың табиғи өсімінің жоғары көрсеткішімен, сондай-ақ еңбекке қабілетті халықтың көші-қон ағынымен байланысты болады.

Ресурстық және өндірістік бай әлеуетті ескере отырып, Ақтөбе агломерациясының қалыптасқан қоныстандыру жүйесі агломерацияларға тән синергетикалық әсерді пайдаланып, ел экономикасын серпінді индустриялық-инновациялық дамытудың перспективалық аймағын қалыптастырудың бастапқы негізі ретінде қаралады.

Өңірдің қалыптасқан топтық қоныстандыру жүйесін сапалы жаңа қоныстандыру түріне - агломерацияға айналдыруға ықпал ететін факторларға халықаралық теміржол

және автомобиль магистральдарының қиылысында орналасқан Ақтөбе қаласының қолайлы географиялық орналасуы, өңірдің дамыған өнеркәсібі жатады.

Аумақтағы қоныстану тығыздығының төмендігін ескере отырып, негізгі жобалық шешімдерге мыналар жатады: аумақтың демографиялық әлеуетін дамыту, қалыптасқан қоныстандыру жүйесін жетілдіру, елді мекендердің инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымының деңгейін жақсарту, халықтың ұтқырлығын арттыру, сондай-ақ оның іскерлік және экономикалық белсенділігін ұлғайту үшін аумақтың көліктік желісін жаңғырту.

Ақтөбе агломерациясының қоныстандырудың тірек қаңқасында Ақтөбе қаласы - өңіраралық орталық ретінде, ал тартылыс орталықтары - қоныстандырудың тірек қаңқасының жергілікті орталықтары болып табылады.

Агломерацияның қоныстандыру жүйесін жетілдіру халықтың өсімі, сондай-ақ экономиканың қосымша еңбек ресурстарына деген қажеттілігі үшін көші-қон процестерін басқаруға негізделеді. Осыған орай:

жаңа жұмыс орындарын құру, агломерация өзегінде өндірістік және инфрақұрылымдық объектілерді кеңейту үшін қолайлы алғышарттар жасау арқылы өңірден әлеуетті көшіп-қонушыларды ұстап қалу, Батыс өңірінің жұмыс күші артық облыстарынан (мысалы, Атырау және Маңғыстау облыстары) еңбек ресурстарын тарту;

агломерацияның кіші орталықтарының өзекпен және негізгі нарықтармен байланысын жақсарту үшін көліктік коммуникацияларды жетілдіру, сондай-ақ агломерация шегінде халықтың еңбек, мәдени-тұрмыстық байланыстарын онтайландыру үшін халықтың маятниктік көші-қонының қарқындылығын арттыру;

Қандыағаш, Алға шағын қалаларын, Хромтау моноқаласын және Қобда, Мәртөк ауылдарын халықтың аудан мен облыстан тыс жерге кетуін төмендетуге ықпал ететін агломерацияның тартылыс орталықтары ретінде дамыту ұсынылады.

Агломерация өзегі - Ақтөбе қаласы Қазақстанның Батыс өңірінің капиталы, ресурстары және озық технологиялары, сондай-ақ әлемдік деңгейлі қызмет көрсету саласының дамуы шоғырланатын хаб-қаласына айналады.

Ақтөбе агломерациясын қалыптастыру және әрі қарай дамыту Батыс өңірінің екінші деңгейдегі қалаларын дамытуға ықпал етеді.

Ақтөбе агломерациясын тұрақты дамыту оның барлық құрамдас элементтерінің дұрыс қызмет етуіне байланысты, оларды перспективалық қоныстандыру мынадай негізгі бағыттардан көрінеді:

солтүстік-батыс бағытында - шекара маңы аумақтарын бекіту және шекаралардың қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ шекара маңы ынтымақтастығын дамыту қажеттілігін ескере отырып, Мәртөк ауылын агломерацияның кіші орталығы ретінде дамыту (көліктік-логистикалық функцияларды дамыту, ауыл шаруашылығы енімін қайта өңдеу)

;

шығыс бағытында - моноқаланың жоғары экономикалық және көліктік әлеуетін ескере отырып, агломерацияның Хромтау кіші орталығын дамыту (хромит кенін өндіру, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу бойынша орталық, көлік торабы);

оңтүстік бағытта - Алға (көліктік-логистикалық функциялар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру) және Қандыағаш (өнеркәсіптік және көліктік торап) қалаларының базасында агломерацияның екі кіші орталығын құру. Алға қаласының агломерация өзегіне барынша дамыған көліктік қолжетімділігі бар (30 км);

батыс бағытында - агломерацияның кіші орталығы Қобда ауылы (ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу орталығы).

Табиғи және көші-қон өсімдерінің оң көрсеткіштері агломерация кіші орталықтары халқының санын 157,0 мың адамға (немесе 63,3 %-ға) дейін өсіруге ықпал етеді. Олардың демографиялық әлеуетін арттыру үшін экономикалық қызметті белсенді етуге, көші-қон тартымдылығын арттыруға жағдай жасау қажет.

Агломерацияның кіші орталықтарының индустриялық-инновациялық есуі аумақты экономикалық дамытуға және халықтың аудан мен облыстан тысқары кетуін төмендетуге ықпал етеді.

Жалпы алғанда, үкіметтік бағдарламаларды (Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған бағдарламасы) іске асыру агломерация халқының санын көбейтуге ықпал етеді.

Ақтөбе агломерациясын дамыту халықтың әл-ауқатының деңгейі мен сапасын, халықтың ұтқырлығын арттыруға - ішкі және сыртқы көші-қон ағындарын реттеуге, агломерацияның өзек-қаласы мен елді мекендері арасындағы әлеуметтік-экономикалық аражікті еңсеруге, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріне халықтың тең қолжетімділігіне жағдай жасап, елдің экономикалық және еңбек әлеуетін шоғырландыруға, агломерацияларға тән синергетикалық нәтижеге жетуге мүмкіндік туғызады.

Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары

Бүгінгі таңда Ақтөбе агломерациясының экономикалық әлеуетін Ақтөбе облысының бүкіл өнеркәсіп өнімі көлемінің 70,0 %-ынан астамын қалыптастыратын және халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін ірі және орташа өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік кәсіпорындар көрсетеді.

Ауқымды тұтыну нарығының, дамыған көліктік-логистикалық инфрақұрылымның, "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізі арқылы Ресей нарығына шығу жолының болуы Ақтөбе агломерациясын Қазақстанның Батыс өңірінің орталығы ретінде орнығуына алғышарттар жасауға, сондай-ақ өнімді өткізу нарығы мен жалпы транзиттік әлеуетті арттыра отырып, батыс облыстарын дамытуға ықпал етеді.

2030 жылға қарай байланыстырушы инфрақұрылымды: өнеркәсіп және ауыл шаруашылығын дамыту аймақтарын, заманауи көлік инфрақұрылымын, инновациялық өндірістерді дамыту болжанады. Нәтижесінде интеграцияланған агломерацияны қалыптастыру болжанады: агломерацияның шеткері аймағының оның өзегі - Ақтөбе қаласымен белсенді экономикалық өзара іс-қимылы.

Перспективада Ақтөбе қаласы көп функционалды іскерлік және сервистік орталық ретінде орнығады, оның шеткері аймағында өнеркәсіптік қуаттар шоғырланатын болады.

Агломерацияның аудандары мен кіші орталықтары өндірістік функцияларды атқарады.

Хромтау ауданы агломерацияның маңызды өнеркәсіп аймағының функциясын орындайтын болады. Хромтау қаласының қазіргі әлеуеті агломерацияның көлік қаңқасы дамыған жағдайда өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен, құрылыс индустриясы, тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымы дамыған орталыққа айналуға мүмкіндік береді.

Алға ауданы агломерация аймағын азық-түлікпен және құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету функцияларын орындайды. Алға серіктес қаласы агломерацияны азық-түлікпен қамтамасыз етуге байланысты өндірістік функцияларды атқарады.

Мұғалжар ауданы Ақтөбе агломерациясының ірі өнеркәсіптік аймақтарының бірі болады. Агломерацияның кіші орталығы Қандыағаш қаласы агломерация өзегінің халқы мен өндірістік қуаттарын тартатын перспективалық орталық ретінде агломерацияны азық-түлікпен, көліктік-транзиттік қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды орындайды.

Қарғалы, Қобда және Мәртөк аудандары орталық қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету және агломерация аймағының өңдеуші кәсіпорындарын ауыл шаруашылығы шикізатымен жабдықтау функцияларын атқарады.

Ақтөбе агломерациясының перспективалық өнеркәсіптік мамандануы 2030 жылға қарай Қазақстанда жүргізілетін өңірлер экономикасын индустриялық-инновациялық әртараптандыру саясатының басымдықтарына толық жауап береді.

Агломерацияның өнеркәсіптік кешені базалық салалардың: мұнай өңдеу өнеркәсібінің, қара металлургияның, машина жасаудың, химия өнеркәсібінің және мұнай-химия мен мұнай өңдеудің қарқынды дамуымен айқындалады. Перспективалық өнеркәсіп қуаттарын орналастыру ареалына агломерацияның шеткері аймақтарында орналасқан титан, мұнай, никель, хром, темір және марганец кендері, фосфориттер мен құрылыс материалдары жатады.

Экономиканы әртараптандыру нәтижесінде 2030 жылға қарай өңдеу өнеркәсібіне қатысты тау-кен өндіру өнеркәсібінің өсу қарқыны төмендейді деп күтіліп отыр. 2030

жылға қарай өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 4 есе ұлғайып, 2016 жылмен салыстырғанда 2,4 есеге артып 852,2 млрд. теңгені құрайды.

Өнеркәсіпті тиімді дамыту шаралары

Тау-кен металлургиясы кешенін дамытудың перспективалық бағыттары никель-кобальт кенін терең өңдеу және қайта өңдеу бойынша қуаттар құру, титан-цирконий бағытын жандандыру, темір кені бағытының қуаттылықтарын кеңейту, табиғи құмды, шикі мұнайды өндіру бойынша кәсіпорындарды дамытуды тұрақтандыру (агломерация кәсіпорындарында оны қайта өңдеу есебінен), хром тотығы, хром триоксиді, шойын, ферроқорытпа өндіру, тот баспайтын болат зауытын салу және электр-техникалық болат өндірісін іске қосу болып табылады.

Өзімізде минералдық-шикізаттық база (балшық, малтатас, қиыршықтас, шағылтас, гипс, әктас, шикі мұнай, битумдық қоспалар) бар болса, Кеден Одағы елдерінен әкелінетін өнімнің импортын азайту керек. Агломерация аумағында 93 резервтік кен орны, оның ішінде Ақтөбе қалалық әкімшілігінің аумағында: балшық пен құм-аздырғыш - 2, құрылыс тасының - 1, құмды-малтатасты қоспаның - 5, құрылыс құмының - 3, керамзит, аглопориттің 2 резервтік кен орны орналасқан. Агломерацияның шеткері аймағында резервтік кен орны 80 бірлікті құрайды: келісімшарттық аумақтар көлемінің бір бөлігі резервтік болып табылатын 11 мұнай кен орны, кобальт, никельдің 24 резервтік кен орны, хромның 16 резервтік кен орны, алтынның 4 резервтік кен орны, кірпіш шикізатының (балшық, тозған құм) 11 резервтік кен орны, құрылыс құмының 10 резервтік кен орны, керамзит, аглопориттің 2 резервтік кен орны, құрылыс тасының 8 кен орны, қаптағыш тастың 1 кен орын, цемент шикізатының 2 резервтік кен орны, құмды-малтатасты қоспаның 1 резервтік кен орны бар.

Қосымша тауарлық хром концентратын алу мақсатында Дон тау-кен байыту комбинатының (бұдан әрі - Дон ТБК) шлам қоймасының қалдықтарын байыту перспективалық бағытқа айналады.

Металлургиялық өндірістер Ақтөбе агломерациясының жеткілікті шикізаттық ресурстары мен ішкі өткізу нарығын ескере отырып, өңірдің көліктік инфрақұрылымын дамыту жағдайында Ақтөбе агломерациясының металлургиялық кластерін одан әрі дамытуға негіз бола алады.

Өртүрлі құрылыс материалдарын өндіру үшін негіз болып табылатын кең спектрлі минералдық шикізат қорларының болуы бәсекелестік артықшылық болып табылады және 2030 жылға дейін экономиканың нақты секторын қалыптастыратын құрамдас бөліктерінің бірі болады.

Өз минералдық-шикізаттық базасы бар болса да отқа төзімді қыш кірпіштер, блоктар, тақталар және отқа төзімді қыштан жасалған құрылыс материалдары, отқа

төзімді бұйымдар бойынша агломерацияның төмен қамтамасыз етілуі байқалады, бұл аталған өндірістерді әрі қарай дамытуға негіз бола алады.

2020 жылға қарай үлкен сұранысқа ие болған (керамогранит және қыш тақтайша өндіру, темірбетон шпалы, үш қабатты қабырға блоктары) "Ақтөбе" индустриялық аймағының аумағында басымырақ орналастырылатын құрылыс материалдарын өндіру бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстарын жоспарлай отырып, жаңа өнім шығару бойынша инвестициялық жобаларды тиімді іске асырудың негіздерін салу қажет.

Перспективалық сегментке тау химиясын дамыту жатады - фосфорит кені мен калий тұзының аса ірі кен орындарының базасында минералдық тыңайтқыштар өндіру, оларды өңдеу негізінде ақтаулық "ҚазАзот" зауытының азот тыңайтқыштарының құрамына енгізе отырып, күрделі минералдық тыңайтқыштар өндірісін көздеу қажет.

Пластмасса, полиэтилен, бутадиен мен синтетикалық каучукты қайта өңдеу бойынша іске асырылатын жобалар, Қытай Халық Республикасынан, Ираннан, Түркиядан импортталатындармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті синтетикалық негізде лак, эмаль, бояу шығару бойынша жаңа өндірістерді дамыту есебінен көмірсутекті шикізатты қайта өңдеудің тереңдігін арттыру қажет.

Медициналық және фармацевтикалық салаларды дамыту перспективалары Ақтөбе қаласындағы "Ақтөберентген" медициналық зауытын жаңғыртумен және дәрілік заттарды өндіру зауытының құрылысымен байланысты болады.

Машина жасауды дамытудың перспективалық бағыттарына саланың әр түріне арналған мұнай-газ машина жасау мен аспап жасау жатады деп болжанып отыр.

Ақтөбе агломерациясында машина жасауды, оның жеке бағыттарын дамыту үшін 2020 жылға қарай машина жасау өнімдерін шығару бойынша инвестициялық жобаларды тиімді іске асыру негіздерін қалау қажет, ол бойынша Ақтөбе агломерациясының қара металдардан орталық жылытуға арналған радиаторларға, ыстық су немесе қысымы төмен бу өндіруге арналған орталық жылыту қазандарына, газды, сұйықтықты немесе электр энергиясын өндіруді немесе тұтынуды есептеу құралдарына тәуелділігі жоғары болып қалып отыр.

Қазақстанның көршілес өңірлерінің кәсіпкерлері аталған инвестициялық жобаларды іске асырудың негізгі инвесторлары бола алады.

Тамақ өнімдерін өндіру

Ақтөбе агломерациясын дамытудың бірінші кезеңінде өңірді қамтамасыз ету деңгейін құс еті, макарон, кеспе, кускус, өңделген сүт және қышқыл сүт өнімдері, ерте піскен көкөністер сияқты тамақ өнімдері бойынша 100 %-ға жеткізу қажет.

Бұл ретте кілегей майы, зәйтүн майы, ірімшік және сүзбе, тұқымды және сүйекті жемістер, күріш, қатты түрдегі сүт, шоколад, шикі қантты өндіру бойынша жобаларды іске асыруды бастаудың негізі қалануы қажет, аталған өнімдер бойынша екінші кезеңде инвестициялық жобаларды тікелей іске асыру басталуы тиіс.

2030 жылға қарай халық санын ескере отырып, макарон, қышқыл сүт өнімдері, сары май мен сүзбе өндірісін талдау және тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары негізінде макарон өнімдерін тұтыну 2400,2 тонна, құс етін - 1600,2 тонна, сиыр сүтінен жасалған сұйық қышқыл сүт өнімдерін - 45 004,5 тонна, сиыр майын - 4700,5 тонна, жартылай майлы сүзбені тұтыну-10101,0 тоннаны құрайды.

Жем-шөп өндірудің перспективалық бағыты құс және мал шаруашылығы үшін теңгерімделген жем-шөптің ақуызды қоспасын - басқа жем-шөптердің ақуыздарын игеруге және олардың биологиялық құндылығын арттыруға ықпал ететін дәнді төптен алынатын құрғақ төп өндіру болып табылады. Аталған бағыт өзіндік құнды төмендетуге және ет, жұмыртқа және сүт өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешенді тиімді дамыту шаралары

Ақтөбе агломерациясының агроөнеркәсіптік кешенін тиімді дамыту жөніндегі шараларды іске асыру, бірінші кезекте, шикізаттың тапшылығы, оның сапасының төмен әрі қымбат болуы, өндірісте бәсекеге қабілетті дайын өнімді өндіруге мүмкіндік бермейтін ескірген технологияларды қолдану, өткізуге байланысты проблемалар сияқты және басқа да сектордың кешенді проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс.

Ауылдық аумақтардың ресурстық әлеуетін талдау және бағалау

Перспективада ауыл шаруашылығы айналымына босалқы жерлер санатынан жайылымдық және егістік жерлерді тарту есебінен ауыл шаруашылығының шикізат базасын нығайту ұсынылады.

Деградациялық процестерді болдырмау, жасыл екпелерді сақтау және көбейту мақсатында бүкіл аумақта бейімделген-ландшафттық тәсілді енгізу шартымен босалқы жерлер мен арнайы жер қорының құрамындағы алаңы 58,3 мың га тыңайған егістік жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту ұсынылады. 2030 жылға қарай тыңайған және босалқы жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту есебінен ауыл шаруашылығы жерлерін 2,5 млн. га дейін өсіру көзделеді.

Суармалы жерлердің алаңын кеңейту мақсатында 300 млн. м³ астам су сыйымдылығы бар суаруға арналған жаңа су қоймаларын салу үшін жерлердің болуына қарай аумақтың әлеуетін пайдалану қажет. 2020 жылға қарай суармалы жерлердің алаңын 42 мың га дейін, 2030 жылы 60 мың га дейін арттыру жоспарланып отыр.

Өңірде еуропалық технологияларды қолдана отырып, жылыжай шаруашылығын дамыту бойынша қуаттылықтарды күшейту жалғасын табуда. Бүгінгі күні жылыжайлардың алаңы 25,8 га, Ақтөбе қаласының аумағында орналасқан жылыжайлар алаңы - 25,4 га, Алға ауданында - 0,18 га және Хромтау ауданында - 0,22 га құрайды.

2017 жылдың басында жеке қосалқы шаруашылықтарда агломерацияның ірі қара малының барлық басының 52,5 %-ы, оның ішінде сиырлардың 57 %-ы, ұсақ малдың 45 %-ы, шошқаның 11%-ы, жылқының 22 %-ы және түйенің 25 %-ы қамтылған. Ет және сүт өңдеу кәсіпорындарының жүктелімі 50-60 %-ды құрайды. Оларды ауыл

шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне біріктіру аталған саланың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп күтіліп отыр.

2020 жылға дейін шаруашылықты жүргізудің рентабельділігі мен тиімділігін арттыру үшін ауылдық кооперативтер құрамына мынадай: сатып алу-өткізу, дайындаушы, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өңдеу, агрохимиялық және ветеринарлық қызмет көрсету, азық-түлікті өндіру бойынша кәсіпорындарды қоса отырып, шаруа қожалықтарын кооперативтендіру процесін аяқтау қажет.

2020 жылға дейін агломерация аймағында 220 астам ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жайылымдық жерлер алаңын, жайылымдардың орташа өнімділігін және жыл ішінде 1 бас малға келетін жайылым алаңына нормативтік қажеттілікті ескере отырып, мал асырау және өсіру үшін ауылдық аумақтардың ресурстық әлеуеті есептелді (1-3-кестелер).

1-кесте. Агломерацияның ірі қара мал асырау мен өсіруге арналған ресурстық әлеуеті

Аудан атауы	Жайылымдық алқаптар алаңы, га	Жайылымдардың орташа өнімділігі, ц/га	Жыл ішінде 1 ІҚМ шаққанда жайылымдар алаңына нормативтік қажеттілік	ІҚМ басының саны
Ақтөбе агломерациясы	1 506 642			337 937
Ақтөбе қалалық әкімшілігі	64 106	2,8	15	11 966
Алға ауданы	372 111	2,8	15	69 461
Қарғалы ауданы	184 598	3,2	10	59 071
Қобда ауданы	219 112	2,8	15	40 901
Мәртөк ауданы	252 924	3,2	10	80 936
Мұғалжар ауданы	245 812	2,7	15	44 246
Хромтау ауданы	167 979	2,8	15	31 356

2-кесте. Агломерацияның ұсақ мал асырау мен өсіруге арналған ресурстық әлеуеті

Аудан атауы	Жайылымдық алқаптар алаңы, га	Жайылымдардың орташа өнімділігі, ц/га	Жыл ішінде 1 ұсақ малға шаққанда жайылымдар алаңына нормативтік қажеттілік	Ұсақ мал басының саны
Ақтөбе агломерациясы	1 506 642			1 689 687

Ақтөбе қалалық әкімшілігі	64 106	2,8	3	59 832
Алға ауданы	372 111	2,8	3	347 304
Қарғалы ауданы	184 598	3,2	2	295 357
Қобда ауданы	219 112	2,8	3	204 505
Мәртөк ауданы	252 924	3,2	2	404 678
Мұғалжар ауданы	245 812	2,7	3	221 231
Хромтау ауданы	167 979	2,8	3	156 780

3-кесте. Агломерацияның жылқы асырау мен өсіруге арналған ресурстық әлеуеті

Аудан атауы	Жайылымдық алқаптар алаңы, га	Жайылымдардың орташа өнімділігі, ц/га	Жыл ішінде 1 ұсақ малға шаққанда жайылымдар алаңына нормативтік қажеттілік	Ұсақ мал басының саны
Ақтөбе агломерациясы	1 506 642			314 277
Ақтөбе қалалық әкімшілігі	64 106	2,8	18	9 972
Алға ауданы	372 111	2,8	18	57 884
Қарғалы ауданы	184 598	3,2	12	49 226
Қобда ауданы	219 112	2,8	18	34 084
Мәртөк ауданы	252 924	3,2	12	67 446
Мұғалжар ауданы	245 812	2,7	18	36 872
Хромтау ауданы	167 979	2,8	8	58 793

Агломерацияның ауылдық аумақтары жайылымдық және шабындық жерлерді ұтымды пайдалану кезінде ірі қара мал (бұдан әрі - ІҚМ) басын 337,9 мыңға дейін, оның ішінде сиырларды 170,3 мың басқа, ұсақ малды (бұдан әрі - ҰМ) - 1 689,7 мың басқа, жылқыларды 314,3 мың басқа дейін көбейтуге мүмкіндік береді.

Сойылған малдан алынған еттің орташа салмағын және бір сауын сиырдан алынатын орташа сүт сауымын ескере отырып, агломерацияның агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындары жыл сайын 470,9 мың тоннаға дейін сүт, 118,4 мың тонна ІҚМ етін және 67 мың тонна ұсақ мал етін өндіре алады.

Орташа өнімділігі 2,8 ц/га құрайтын жайылымдық алқаптары 219,1 мың га Қобда ауданында 40,9 мың ІҚМ басын асырау мен өсіру үшін ресурстар бар.

4-кесте. Ақтөбе агломерациясында ірі қара малды жаюға арналған жайылымдар сыйымдылығының есебі

ІҚМ-нің көк жемшөпке тәуліктік қажеттілігі, кг	Жайылымдық кезеңнің ұзақтығы, күн	Бүкіл жайылымдық кезеңге жемшөпке қажеттілік, тонна	Жайылымдық алқаптар алаңы, га	Жайылым көгінің өнімділігі, т/га	Жайылымның сыйымдылығы
70	135	9,45	1 506 642	2	191 320

5-кесте. Ақтөбе агломерациясында ұсақ малды жаюға арналған жайылымдар сыйымдылығының есебі

ІҚМ-нің көк жемшөпке тәуліктік қажеттілігі, кг	Жайылымдық кезеңнің ұзақтығы, күн	Бүкіл жайылымдық кезеңге жемшөпке қажеттілік, тонна	Жайылымдық алқаптар алаңы, га	Жайылым көгінің өнімділігі, т/га	Жайылымның сыйымдылығы
8	135	1,08	1 506 642	2	1 116 031

Осылайша, Ақтөбе агломерациясының жайылымдық алқаптарының сыйымдылығын негізге ала отырып, мал басын 191,3 мың ІҚМ, 1116 мың ұсақ малға дейін арттыруға болады.

Бұл ретте, бүкіл ІҚМ басынан еттің таза салмақтағы жалпы шығысы 61 907,8 тоннаны, ұсақ мал - 609 432,7 тоннаны құрайды.

Ауылдың қала құрушы базасын дамыту, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларын және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарды қарқынды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру ауылдық аумақтарды кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласының маңайында сүт, ет, көкөніс, жеміс, картоп, жеміс-жидек өндіруге мамандандырылған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының базасында азық-түлік белдеуін дамыту қажет. Шеткері аймақта көкөністер, жидектер мен гүлдер есіру бойынша жылыжай шаруашылығын салу қажет.

Өсімдік шаруашылығында басым ауыл шаруашылығы дақылдарын: агломерация аумағына өңірден және елден тыс жерден әкелінетін бидай (Қарғалы, Мәртөк, Хромтау аудандары, Қобда ауданының солтүстік бөлігі), көкөністер мен жемістер, бақша дақылдары, жем-шөп өсіру бойынша егістік алаңдарын құрылымдық және технологиялық әртараптандыру бойынша жұмысты жалғастыру, сондай-ақ жылыжай кешендері мен көкөніс қоймаларының желісін дамыту қажет.

2020 жылға дейін маусымаралық кезеңде халықты жеміспен қамтамасыз ету үшін 46 га, 2030 жылы 60 га алаңда жылыжай кешенін салу жоспарланып отыр.

Жем-шөп дақылдарының әлеуетін толық пайдалану және жем-шөптің кепілді қорына ие болу үшін суармалы және лиманды жерлерде жем-шөп өндірісін: Мәртөк және Қарғалы аудандарында, Қобда ауданының солтүстік бөлігінде, Хромтау ауданының солтүстік және орталық бөлігінде жүгері, күнбағыс, сүрлемдік құмай және көк жем-шөп, судан шөбі, пішенді еркекшөп өсіруді дамыту қажет.

Алға, Қобда аудандарында, Хромтау ауданының шығыс және оңтүстік бөлігінде, Мұғалжар ауданының солтүстік бөлігінде басым дақылдар ретінде жаздық бидай және алмастырылатын мал азығы дақылдары, майлы және жемшөптік дақылдар айқындалған.

Мұғалжар ауданының қуаң жерлерінде құрғақшылыққа төзімді жем-шөп дақылдары - судан шөбі мен еркекшөп өсіру көзделеді. Мал шаруашылығының жем-шөп базасын жақсарту үшін судан шөбі, еркекшөп, қарақияқ, изен сияқты құрғақшылыққа төзімді дақылдар өсіру қажет.

2020 жылға қарай "Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамыту бағдарламасын пайдалана отырып, ірі қара мал, қой, ешкі, құс, қоян, бөдене өсіру, сондай-ақ омарта шаруашылығы және балық шаруашылығы бойынша шағын фермаларды дамыту, сондай-ақ әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша индустриялық-аграрлық аймақты кең ауқымды дамытудың негізін қалау қажет.

Саланың өндірістік қуатын тиімді пайдалану мақсатында қабылдау пункттерін құру арқылы ауыл шаруашылығы жануарларының терісін дайындау көлемін арттыру қажет. Мұғалжар, Алға және Қобда аудандарында дайындау орталықтарын салу ұсынылады, олардың негізінде агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі әртараптандыру, ауыл шаруашылығы жануарларының терілерін бастапқы өңдеу өндірісі және WET-blue жартылай дайын өнімдерді өндіру бойынша цехтар ашу болжанады.

2030 жылға қарай өндіріс тиімділігін арттыру, өндірістің өзіндік құнын азайту және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу есебінен агроөнеркәсіптік кешендегі индустриялық-аграрлық аймақты қалыптастыруды жалғастыру керек.

Агломерацияның ауыл шаруашылығының цифрлық трансформациясын көздеу - егінді суаруда, жинауда, саудада, базалар мен биржаларды, көліктік-логистикалық жүйелерді құруда цифрлық технологияларды пайдалану қажет.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі шаралар

2017 жылғы қаңтар-шілдеде агломерация аймағына кіретін аудандар мен Ақтөбе қаласында жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі - ШОБ) субъектілерінің саны 42,8 мың бірлікті құрады.

Осы салада жұмыс істейтіндердің саны 117,8 мың адамды құрады. ШОБ субъектілерінің өнімдерді шығару көлемі 238,4 млн. теңгені құрады.

Агломерация құрамына кіретін аудандарда ШОБ-ты дамыту мақсатында шағын кәсіпорындарды басқаруды жетілдіруге, қазіргі заманғы басқару әдісімен персоналды оқытудың мамандандырылған бағдарламаларын іске асыруға және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тәжірибелерімен бөлісе алатын және жинақталған проблемаларды бірлесіп шешетін ақпарат алмасу кеңістігін құруға көмектесетін бизнес-инкубаторлар құрылып жатыр.

Әлеуетті жалға алушылар өздерінің қызметін бизнес-инкубаторда бизнесті іске асыру құқықтарының басымдығына қарай көрсетілген: өндіріс, инновация, қызмет көрсету, қолөнер салаларында жүзеге асырады. 2030 жылға қарай инновациялық белсенді кәсіпорындар санын ұлғайту болжанып отыр, бұл ретте ЖӨӨ-дегі инновациялық өнім үлесі 15 %-ға дейін артады.

Қазіргі уақытта бизнес-инкубатор Хромтау моноқаласында жұмыс істеп тұр. Ақтөбе қаласында, Мәртөк ауданында және Алға шағын қаласында іске асыру жоспарланып отыр.

Ақтөбе агломерациясының шағын және орта кәсіпкерлігін, ауыл шаруашылығы, тамақ өнімдері өндірісі, құрылыс материалдарының өндірісі, көлік сияқты салаларда, көрсетілетін қызметтер саласында дамытуға болады. Басқа салаларда шағын және орта бизнес өндірістерін ірі кәсіпорындар базасында құруды және олармен кооперативтендіруді жалғастырған және Ақтөбе агломерациясының мұнай өндіру өнеркәсібінде шағын және орта бизнесті дамытудың әлеуетті мүмкіндіктері бар.

Базалық металдар негізінде жоғары өңделген соңғы өнімнің өндірісін ұйымдастыру шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамытудың перспективалық бағыты болып табылады.

Кен іздеушілік қызметті жандандыру арқылы металл өндіруде де шағын кәсіпкерлікті әлеуетті дамыту мүмкіндіктері бар: жұтаң және қиын байытылатын кендерді қайта өңдеу, теңгерімнен тыс қорларды пайдалануға тарту, бастапқы өңдеу кезінде құрамында толық шығарылмаған белгілі бір мөлшердегі алтыны бар көптеген кен-байыту комбинаттарының техногендік үйінділерін қайта өңдеу. Ол үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, атап айтқанда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде кен іздеушілік қызметті реттеу керек.

Медициналық кластерді қалыптастырумен және дамытумен, логистиканы дамытумен байланысты бәсекелес артықшылықтарды іске асыру шағын және орта бизнесті перспективалық дамыту бағыты болып табылады.

Ауыл шаруашылығы, тамақ өнімдері өндірісі, құрылыс материалдарының өндірісі және көлік сияқты салаларды дамыту көбінесе шағын және орта бизнесті дамыту есебінен қамтамасыз етіледі. Басқа салаларда ірі кәсіпорындардың базасында және олармен кооперативтендіруде шағын және орта бизнес өндірістерін құруды жалғастырған жөн. Мысалы, қара металлургияда Ақтөбе, Алға, Хромтау және Мұғалжар аудандарында қара металдардың сынықтарын (қалдықтарын) қайта өңдеу бойынша ірі кәсіпорындардың жанында Ақтөбе қаласында шағын бизнес кәсіпорындарын дамыту мүмкін.

Шағын және орта бизнесті тиімді дамыту үшін мемлекеттік қолдаудың қазіргі құралдарын пайдалану қажет. Айталық, ірі кәсіпорындар айналасында шағын және орта өндірістер белдеуін дамыту мақсатында 2016 - 2018 жылдары "

СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ, "ТНК "Қазхром" АҚ, "Ақтөбе хром қосылыстары зауыты" АҚ, "Қазақойл Ақтөбе", "Восход-Oriel", "Ақтөбе мыс компаниясы", "Коппер Текнолоджи", "Қазгеоруд" ЖШС жергілікті тауар өндірушілері өндіретін импортты алмастыратын өнімді өндірілетін өнім шетелдік баламасына сапасы мен бағасы бойынша бәсекелес болған жағдайда конкурстық негізде сатып алатын болады.

Оны іске асыру нәтижесінде ірі кәсіпорындар сатып алуды жүргізу кезінде жергілікті қамту үлесі ұлғаяды, жаңа импортты алмастырушы өндірістер құрылады деп күтіледі.

Сондай-ақ кәсіпкерлерге жалдауға беруге немесе сатуға дайын тұрған өндірістік объектілер үшін ғимараттар мен құрылыстар салуға арналған, жер учаскелерінің инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген тұрып қалған, тоқтап тұрған немесе жұмыс істемейтін кәсіпорындар алаңында шағын және орта бизнес объектілерін орналастыруды көздеу қажет. Шағын индустриялық аймақтарды кәсіпкерліктің бәсекеге қабілетті жобаларымен толтыруды ескеру қажет.

Шағын индустриялық аймақтардың негізгі қызметі өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерліктің жедел дамуына септігін тигізуге, жаңа өндірістер инфрақұрылымын жасауға және кеңейтуге жұмсалатын шығындарды оңтайландыруға, өндіріс тиімділігін арттыруға, халықты жұмыспен қамтуға бағытталады.

Бұл шағын және орта бизнесті дамытуда серпін береді, өңірдің индустриялық-инновациялық дамуы мен жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру жөніндегі шаралар

Ақтөбе агломерациясының әлеуметтік-экономикалық және ресурстық әлеуеті инвесторлардың негізгі талаптарына толығымен жауап береді: нарық және логистика, пайдалы қазбалар, еңбек ресурстары, энергетикалық ресурстар, инвестициялық жобалар және мемлекеттік қолдау шаралары.

Инвесторлар жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық ресурстарда қолжетімді агломерацияның инвестициялық әлеуеті, инвестициялық жобалар, экономиканың перспективалық салалары жөніндегі талдамалық шолулар туралы ақпараттық базаны қалыптастыру, сондай-ақ инвестициялық мүмкіндіктермен таныстыруды, салықтар, инвестициялық преференциялар бойынша консалтингті қамтамасыз ету қажет.

Озық даму аймақтарының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректерін пайдалана отырып, өңірлердің инвестициялық паспорттарын әзірлеген орынды.

Инновациялық қызметке өңірдің ғылыми ұйымдарын және өңірлік нарықта бәсекеге қабілетті әлеуеті бар кәсіпорындарды тарту экономиканың жоғары технологиялық шикізат емес секторларын қалыптастыруға алғышарттар жасайды.

Экономиканың жоғары технологиялық шикізат емес секторларын қалыптастырудың алғышарттарын жасау инновациялық қызметке өңірдің ғылыми ұйымдарын және өңірлік нарықта бәсекеге қабілетті әлеуеті бар кәсіпорындарды ықтимал тартуда көрінеді.

Ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, экономиканың барлық салаларына инвестициялар тарту шаралары:

1) индустриялық аймақтарды құру және дамыту, индустриялық аймақтағы жобаларды іске асыруды сүйемелдеу;

2) кластерлер мен жоғары технологиялық өндірістердің дамуын ынталандыру;

3) Ақтөбе агломерациясының тұтас көлік қаңқасын дамыту;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, энергиямен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету және басқа да саладағы концессиялық келісімдер шеңберінде жобаларды іске асыруды ынталандыру.

Инновациялар мен жоғары технологиялық өндірістерді дамыту шаралары

Агломерация аумағында бірқатар ірі машина жасау және басқа да кәсіпорындар жұмыс істейді, оларда конструкторлық топтар бар, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) бойынша жұмыс қағидаттары сақталған, инновацияларды енгізуге арналған инфрақұрылым құрылған. Ғылыми-зерттеу қызметімен "Запрудгеология" ЖШС, "Ақтөбе ғылыми-зерттеу геологиялық барлау мұнай институты" ЖШС және басқалар айналысады. 2017 жылғы қыркүйекте Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті жанында Инновациялық технологиялар паркі ашылды.

2016 жылы Ақтөбе рельс-арқалық зауыты пайдалануға берілді.

2016 жылы "Білім - ғылым - өндіріс" кластерін іске асыру мақсатында жалпы алаңы 1652 шаршы метр болатын технопарк ("2ЕКЕК" технопаркі" ЖШС) пайдалануға берілді. Технопаркте 3 ғылыми зертхана жұмыс істейді. "Ақтөбе облысының мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің өңірлік орталығы" ЖШС жанындағы Ақтөбе облысы технологияларын трансферлеу және ғылымды коммерциялау кеңсесі құрылды, ол өңірдің отандық өндірістік компанияларының инновациялық технологияларын іздеу, Қазақстанды дамытудың дүниежүзілік банкінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті қорының гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу кезінде коммерциялау, ЖОО-лардың, "2ЕКЕК" технопаркі" ЖШС-нің, кәсіпорындардың ғалымдарына арналған ҒЗТКЖ қаржыландыруды іздеу бойынша стратегиялық жоспарларды әзірлеуге көмектесу жөніндегі жұмыстармен айналысады.

Инновацияларды дамытудың перспективалық басым шаралары бұл инновациялық жобаларды әзірлеу және іске асыру, технологияларды коммерциялау, экономикаға тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды кең ауқымда тарту болып табылады.

Инновациялар мен жоғары технологиялық өндірістерді дамыту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардың ақшалай қаражатын жер қойнауын пайдалану

келісімшартының шеңберіндегі қызметпен, сондай-ақ қосымша құны жоғары өнімді алуға бағытталған жер қойнауын пайдалану келісімшартынан тыс қызметпен байланысты ғылыми-зерттеу, ҒЗТКЖ қаржыландыруға мақсатты түрде бағытталатын болады. Бұдан басқа шығыстарды индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін - индустриялық аймақтарды дамытуға бағыттау мүмкіндігін көздеу қажет.

Дәстүрлі салалық және аумақтық шоғырланудың орнына кластерлік ұйымдастырудың, арнайы экономикалық және индустриялық-экономикалық аймақтың жаңа нысандары және басқалар келуі тиіс.

Ресей өңірлерінің жақындығын ескере отырып, шекаралас өңірлердің одан әрі ынтымақтастығы инновациялық салада нығайтылуы тиіс. Бұл ретте Ақтөбе агломерациясының шекарасында жергілікті даму институттары қатысуы тиіс. Мысалы, Ақтөбе қаласының аумағында (Астана және Алматы қалаларындағы мысал бойынша) бірлескен ғылыми-технологиялық орталық құру мүмкіндігі мәселесін пысықтау орынды.

Сондай-ақ жаһандық қарым-қатынас жасау және коммуникация орнату үшін G-Global форматындағы ақпараттық-инновациялық алаң құру қажет.

Агломерация экономикасын инновацияландыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың білім беру сапасын жақсартуды ынталандыру әрі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізетін инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесін ұлғайту мүмкіндігін қарастырғаны орынды.

Тұтастай алғанда, жоғары технологиялық өндіріс саласында оң нәтижелерге қол жеткізу үшін мынадай шаралар қабылдау қажет:

жоғары технологиялық сектордағы кәсіпорындарды дамытудың стратегиялық жоспарын қалыптастыру;

ғылыми-техникалық прогресті дамытудың басты бағыттарына ресурстарды шоғырландыру және оларды таратудың оңтайлы жүйесін құру;

ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті ортаны құруға қабілетті ғылыми-өндірістік құрылымдарды құруды тұрақты ынталандыру;

тек ірі өндірістік бірліктердің ғана емес, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық ғылыми қызметін ынталандыра отырып, мамандандырылған генерацияның ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерін құру және енгізу, жаңа енгізілімдерді дамыту және тарату.

Үшінші (болат өндірісі және илегі, неорганикалық химия) және төртінші (синтетикалық материалдар, органикалық химия) өндірістік құрылыстар өнімдерін экспорттауды өсірумен қатар, оларда жоғары технологиялық өнімдердің үлесін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу қажет.

Бұл ретте Ақтөбе агломерациясы Батыс Қазақстанның байланыстырушы буыны бола отырып, орта мерзімді перспективада жоғары деңгейдегі орташа технологиялық салаларды (оның ішінде, химия өндірісі) және жоғары технологиялық салаларды (

фармацевтика, медициналық жабдықтар, дәл және оптикалық аспаптар өндірісі) дамытуға басты назар аударуы қажет.

Экономиканың жоғары технологиялық салаларын дамытуда агломерацияның нәтижелерге қол жеткізуі Батыс өңірінің тірек орталықтары - Орал, Атырау, Ақтау қалаларында инновациялар мен жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға серпін береді.

Ақтөбе агломерациясының аумағында ықтимал кластерлер мен индустриялық аймақтарды дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралар Индустриялық аймақтар

Ақтөбе агломерациясында индустриялық аймақтарды қалыптастыру үшін неғұрлым перспективалық аумақ облыс орталығы - Ақтөбе қаласы болады. Индустриялық аймақтарды құру үшін Алға қаласы, Мұғалжар және Хромтау аудандары перспективалық аумақтар болып табылады.

Экономиканың басым секторларына отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ әлемдік стандарттарға жауап беретін қазіргі заманғы өнеркәсіптік-өндірістік кешендер құру үшін "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" автобанының бойында дайын өнеркәсіптік инфрақұрылымы бар алаңы 200 га индустриялық аймақ дамитын болады. Аталған индустриялық аймақтың артықшылықтары: Ресейдің миллиондық 12 қаласы, Еуразиялық экономикалық одақ аумағында тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалуы.

Индустриялық аймақтың мамандануы өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған. 2020 жылға қарай "Ақтөбе" индустриялық аймағын инвестициялық жобалармен 100 % толтыру жоспарланып отыр. Индустриялық аймақта ағымдағы жылы 13-тен астам инвестициялық жоба пайдалануға беріледі деп күтіліп отыр.

Жоғарыда көрсетілген өндірістік объектілерді орналастыру нәтижесінде индустриялық аймақтың аумағында жаракат қауіпсіздігі қаптамалары, антифриздер, қыш гранит және қыш тақтайшалар, темірбетон шпалдар, полиэтилен пакеттері, полиэтилен мен полипропиленнен жасалған үлкен қаптар, лак-бояу материалдары, жел генераторлары, болат құймалары, жоғары жиілікті дәнекерлеу құбырлары өндірісі дамиды, сондай-ақ жүк автокөлігінің шиналарын, көлік-логистикалық орталығын, газ құю станциясын қалпына келтіру және реставрациялау, басқалар дамиды.

2030 жылға қарай "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" көлік дәлізінің дамуына байланысты жүк ағыны ұлғайған кезде Ақтөбе қаласының әуежайы маңайында "DAMU - Ақтөбе" индустриялық-логистикалық паркін құру болжанады, ол қойма терминалынан, оның ішінде еденде сақтауға арналған қойма алаңдарынан, кеңсе үй-жайларынан тұратын, сондай-ақ жол бойындағы қызмет көрсететін қажетті объектілерді қамтитын болады. Теміржолдың жақын орналасуына, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына шығу мүмкіндігіне және "Батыс Еуропа — Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізінің жақын орналасуына байланысты барлық көлік

түрлерімен негізгі тауар топтарын: жаңа піскен көкөністерді, жемістерді, салқындатылған ет пен балықты, өңделген өнімдерді, дайын өлшеп оралған тауарларды, өнеркәсіп тауарларын, күнделікті сұранысқа ие тауарларды, құрылыс материалдарын және басқаларды транзиттік тасымалдауға қол жеткізу мүмкіндігі бар.

Кластерлер

Өңірдің ерекшелігін ескере отырып, кластерлердің басым түрлері: "Ақтөбе" индустриялық аймағының жобалары үшін мұнай және газ өңдеу, тау-металлургиялық кешені, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын жасау, тамақ өнімдері өндірісі, машина жасау, медицина, көлік және логистика, электр энергиясы болуы тиіс.

"Құрылыс материалдары" өңірлік кластерін дамытуға ерекше мән беріледі, мұнда ірі және орта ұйымдар кластер өзегі болады, олар іс жүзінде құрылыс материалдарын ендіру, өңдеуден бастап дайын құрылыс материалдарын шығару мен өткізуге дейін құрылыс материалдары өндірісінің бірыңғай тізбегін құрады.

Құрылыс кластерін: металл емес минералды өнімдер өндірісі (кұбыр өнімдері, бетон, силикат және қыш кірпіштің құрылысы, ұялы бетоннан жасалған блоктар), дайын металл бұйымдарын өндіру бойынша өндірістер негізінде дамыту болжанып отыр.

Ақтөбе агломерациясы экономикасының мынадай негізгі құрамдастары мұнай-газ өңдеу кластері болып табылады, ол мынадай кәсіпорындар: "СКРС- Ақтөбемұнайгаз" АҚ, "Қазақойл Ақтөбе" ЖШС, "КМК Мұнай" АҚ және басқалар базасында жұмыс істейді.

Ақтөбе рельс-арқалық зауытының базасында теміржол өнімдерін шығару бойынша кластер құру жоспарланып отыр. Дәнекерлеу материалдары зауытын, көлік-логистикалық орталығын салу көзделіп отыр.

Агломерацияда жаңа өнім түрлерін шығаруды игере отырып, мобильдік стенд базасында сервистік қызметтерді дамыта отырып "Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты" АҚ базасында машина жасау кластерін құру болжанып отыр. Өндірістік қуаттар шығарылатын өнімдерді өткізудің қазіргі көлемдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді. "Ақтөберентген" АҚ меншікті технологиялық әзірлемелер базасында жаңа буындағы рентген аппараттарын, сондай-ақ медициналық мақсаттағы басқа да өнімдерді өндіруді жолға қояды. Тау-кен өндіру кешені ретінде қызметті қамтамасыз ету (өтпе жолдардың жағдайын мониторингілеу, аэротүсірілім жүргізу) және өңірдің қажеттіліктерін қамтамасыз ету (өрттің алдын алу, медицина персоналын жедел шақыру) үшін шағын авиация құралдарын өндіру игерілетін болады.

Медициналық және фармацевтикалық кластерлер медицина, ғылым, оңалту және өндіріс интеграциясын ескере отырып дамытын және Ақтөберентген ықтимал негізгі инвесторының және М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті базасында құрылатын болады. Кластердің қатысушылары таблетка түріндегі препараттар мен капсулалар шығаратын кәсіпорындар болады. Медициналық

жабдық, парфюмериялық-косметикалық өнім өндірудің өсу әлеуеті бар. 2020 жылға қарай Ақтөбе қаласында "DARU ZHARYGY" офтальмологиялық ауруханасының, позитронды-эмиссиялық томография орталығының, Ческ-ур орталығының құрылысы іске асырылатын болады.

Медициналық кластер құру қолданбалы медицинаны, фармацевтиканы, биотехнологияны дамытуға, медициналық техниканы жаңғыртуға, медициналық мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсартуға, дәрігерлер тапшылығын азайтуға, озық халықаралық тәжірибе мен технологиялар трансфертін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Кластерлік бастамаларды дамытудың келесі перспективалық бағыты көліктік-логистикалық қызметтер мен тамақ өнеркәсібі саласы болып табылады.

Бүгінгі күні Ақтөбе қаласында көлік-қойма процесінің технологиялық бірлігін қамтамасыз етуге, транзиттік, көліктік және логистикалық шығыстарды азайтуға мүмкіндік беретін қуаты жылына 405 мың тонна көліктік-логистикалық орталықтар қызмет етеді.

Ет-сүт, көкөніс, дәнді дақылдар кластерлерін аудандарды мамандандыруға сәйкес шаруа қожалықтарын кооперациялау есебінен құру жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы кластерлерінің шеңберінде ет, сүт, дәнді дақылдар және көкөніс өнімдерін өндіру және өңдеу көзделіп отыр. Ұсақ шаруа қожалықтарын аса ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарына кооперациялау процестері және ауыл тұрғындарының жеке қосалқы шаруашылықтарын тауарлық шаруашылықтарға айналдыру өнеркәсіптік типтегі мал шаруашылығы кешендерін салумен бір уақытта жүргізілетін болады.

Мал шаруашылығы кластерлерін дамыту жем-шөп ресурстарына бай ауылдық округтерде мал бордақылау бойынша ет бағытындағы мал шаруашылығы кешендерін құру есебінен жоспарланып отыр. Өнеркәсіптік типтегі мал шаруашылығы кешендері ет және сүт бағытындағы мал шаруашылығы кластерлерінің өзегі болады. Мал бордақылау кешендерінде малдарды айырбастау ет бағытындағы ұсақ тауарлық фермалардың жақын ауылдық округтерден жас төлдерді жеткізуі арқылы жүзеге асырылатын болады. Мал биржасын салу перспективалы болып табылады, ол малды бордақылау кешендері мен қасапханаларға арналған ІҚМ шоғырландыруға, сондай-ақ ол мал құнына сараптамалық бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік типтегі сүт кешендерін салу ("Айс" ЖШС сүт кешеніне ұқсас) қолайлы ресурстық жем-шөп жағдайы бар ауылдық округтерде, сондай-ақ сүт өнімдерінің тез бүлінгіш сипатын ескере отырып, тұтыну орындарына жақын маңда (Ақтөбе, Хромтау және Қандыағаш қалалары) жүзеге асырылатын болады. Аналық табынның малдарын жаңарту асыл тұқымды репродуктивті фермалардан жүзеге асырылатын болады (асыл тұқымды мал шаруашылығының үлесі 2030 жылға қарай 21 % құрайды).

Кластер шеңберінде жаңа азық-түлік нарықтарын салуды және жұмыс істеп тұрғанды кеңейтуді, құс фабрикаларын, қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып жеміс-көкөніс өнімдерін өсіру бойынша өнеркәсіптік жылыжай шаруашылықтарын (климаты толық бақыланатын тұйық жүйелер, гидропоника, су үнемдеу технологиясы), сондай-ақ көкөніс қоймасын салуды іске асыру жоспарланып отыр.

Ақтөбе қаласының сипаттамаларын ескере отырып, Smart city жобасын бейімдеу шаралары

Ақтөбе қаласының аумағын экономикалық дамыту деңгейін нығайту үшін озық білім мен құзыретті тартуды ескере отырып, халықтың жеткілікті экономикалық тығыздығына қол жеткізілген жағдайда агломерация өзегі Ақтөбе қаласында Smart city тұжырымдамасын іске асыру мүмкін болады.

Ақтөбе қаласын Smart city ретінде дамыту мыналарды болжайды:

жоғары жылдамдықты көлік инфрақұрылымын құру;

қоғамдық көлікті дамыту;

қалалық маңызы бар қалалық жолдар мен магистральдардың бірыңғай жүйесін құру , көлік дәліздерін және қоғамдық көлікті дамыту негізінде көше-жол желісін дамыту;

инфрақұрылым объектілері құрылысының бірыңғай стандарттарын сақтау;

бірыңғай экологиялық саясатты қалыптастыру; өңірдің бірыңғай туристік брендин құру және алға жылжыту;

бірыңғай инновациялық инфрақұрылымды дамыту;

көлік-логистикалық орталығын дамыту;

"Ақтөбе" арнайы экономикалық аймағын және индустриялық аймақтарды, технопарктерді, өнеркәсіптік алаңдарды дамыту;

медициналық және ғылыми білім беру кластерлерін ықтимал дамыту.

Ақтөбе агломерациясының салалық мамандану ескерілген өңіраралық байланыстары

Бүгінгі күні Ақтөбе қаласымен экономикалық байланыстарды қоспағанда, агломерация аумағындағы "қалалық тораптар" арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу жүзеге асырылатын экономикалық қатынастардың өте әлсіз екені байқалады.

Ақтөбе қаласы мен Қандыағаш қалаларының арасында көлік инфрақұрылымын реконструкциялағаннан кейін Алға және Қандыағаш қалаларының арасында экономикалық байланыстар кеңейтілуі мүмкін.

Басқа өңірлермен өңіраралық экономикалық байланыстар әлеуетінің жоғары болуы агломерация өнімдерінің елдің 10 өңіріне жеткізілетіндігін көрсетеді. Тауарларды шығару құрылымын тау-кен өндіру, тамақ, құрылыс, мұнай және жеңіл өнеркәсіп өнімдері құрайды.

Бүгінгі күні тауарларды әкелу құрылымы ауыл шаруашылығы саласы, тамақ саласы өнімдерінің 90-нан астам түрлерінен және мұнай өнімдерінен тұрады.

Алматы қаласына битуминозды минералдардан алынған мұнайды қоса алғанда, 7 006 млн. теңге сомасына мұнай шикізаты (көмірсутектің табиғи қоспасы) жеткізіледі, оның үлесі 50 %-ды құрайды.

Статистикалық деректерге сәйкес Ақтөбе облысына өнеркәсіптік өнімдерді әкелу 2015 жылдың қорытындысы бойынша 53,8 млрд. теңгені құрады, олардың ішінде негізгі енім жеткізушілер Атырау (33,3 %) және Павлодар (22,7 %) облыстары болып табылады, олардың жиынтық үлесі 56 %-ды немесе 29,6 млрд. теңгені құрайды, жеткізілетін енімнің ең төмен көлемі Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарына тиесілі, олардың жиынтық үлесі 0,12 %-ды немесе 0,68 млрд. теңгені құрайды.

Ақтөбе облысында сүт өңдейтін 6 кәсіпорын бар, батыс өңірге Ресей Федерациясынан импортты ескере отырып, олардың жүктемесі 4 %-ды құрайды. Осыған байланысты Батыс өңірінде, оның ішінде Маңғыстау және Атырау облыстарында нарық үлесін арттыру үшін сүт ендірісі бойынша мал шаруашылығы кәсіпорындарының қуатын ұлғайту қажет. Көкөніс қоймаларының үлесін ұлғайту және ауыл шаруашылығы өнімдерін тамшылатып суаруды дамыту қажет, бұл өңірдің климаттық жағдайларына байланысты аталған тауарлардың тапшылығы байқалатын ішкі және көрші нарықтарды қамтуға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, ынтымақтастықтың басым бағыттары мыналар болып табылады: мұнай-газ және машина жасау, құрылыс саласындағы ынтымақтастықты дамыту; өзара сауданы дамыту, әлеуметтік-экономикалық даму, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібін дамыту, көлік қатынасын, коммуникация құралдары мен басқа да инфрақұрылым объектілерін жақсарту;

бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға бағдарланған қайта өңдеуші өндірістерді құру және жаңғырту.

Өңірдің инфрақұрылымын, көліктік байланысын дамыту, Батыс өңірінің хаб қаласы ретінде Ақтөбе қаласының рөлін күшейту, қайта өңдеуші салалар көрсеткіштерінің өсуі өңіраралық өзара іс-қимылды дамытуға ықпал етеді.

Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

Су ресурстары

Ақтөбе агломерациясының аумағы толығымен Жайық-Каспий гидрографикалық бассейні аумағында орналасқан.

Аумақта Жайық өзенінің сол жақ сағасы - Елек өзені, өзенінің оң жақ сағасы Қарғалы - Елек, Елек және Қобда өзендерінің сағасы Жақсы - Қарғалы және басқа да шағын өзендер қалыптасады.

Агломерация аумағының үлкен бөлігі Елек трансшекаралық өзенінің бассейнінде, батыс бөлігі Қобда өзенінің бассейнінде, шығыс бөлігі - Ор өзені мен оның сағаларында орналасқан.

Су ресурстары табиғи жағдайларда 1372 млн. м³ құрайды. Орташа есеппен жан басына шаққанда жылына 2,2 мың м³ немесе 6,03 м³/тәул. құрады.

Бір тұрғынға шаққанда өзен ағынымен қамтамасыз етудің орташа әлемдік көрсеткіші шамамен 8,0 мың м³/жыл құрайды (1,7 мың м³/жыл - ең төменгі көрсеткіш, бұл көрсеткіштен төмен болғанда ел (өңір) сумен жеткіліксіз қамтамасыз етілген болып саналады).

Өзен ағындарымен қамтамасыз ету бойынша келтірілген көрсеткіштерді орташа әлемдік көрсеткішпен салыстыру агломерация аумағының төмен қамтамасыз етілгендігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Агломерация аумағында 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 111 учаске орналасқан 107 жерасты суларының кен орны барланды. Пайдаланылған қорлардың жиынтық шамасы 672,4163. мың м³/тәул. (245,4319 млн. м³/жыл) құрайды, оның ішінде :

шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін - 440,5893 мың м³/тәул.;

өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін - 152,4270 мың м³/тәул.;

шаруашылық-ауызсу және өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін - 79,400 мың м³/ тәул.

Орташа есеппен бір тұрғынға 1,079 м³/тәул. жиынтық барланған қор тиесілі, ал шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін барланған қорлар — 0,707 м³/тәул.

Шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін жерасты суларының барланған қорларымен Ақтөбе облысының барлық қалалары, кептеген аудан орталықтары және барлық тау-кен мен мұнай өңдеу кәсіпорындары қамтамасыз етілген.

Агломерацияның экономика салаларының қажеттіліктері үшін жалпы су алуда шахта-кеніш суларын ескере отырып жерасты сулары 78,1%-ды құрайды. Жерасты суларының негізгі тұтынушысы - суармалы егін шаруашылығы, ал жерасты суларының негізгі тұтынушысы - шаруашылық-ауызсу қажеттіліктері (қала халқы).

Өндірістік есептерге сәйкес 2020 жылға қарай су экономика салаларының су ресурстарын жиынтық алуы 145,720 млн. м³ және 2030 жылға қарай 241,823 млн. м³ құрайды, оның ішінде тиісінше:

Ақтөбе қалалық әкімшілігі бойынша-50,257 млн. м³және 71,412 млн. м³;

Алға ауданы бойынша - 13,388 млн. м³және 20,076 млн. м³;

Қарғалы ауданы бойынша-19,679 млн. м³және 31,743 млн. м³;

Қобда ауданы бойынша-8,368 млн. м³және 30,123 млн. м³;

Мәртөк ауданы бойынша - 17,111 млн. м³ және 25,989 млн. м³;

Мұғалжар ауданы бойынша-20,751 млн. м³және 29,122 млн. м³;

Хромтау ауданы бойынша-16,166 млн. м³және 33,358 млн. м³.

Агломерация аумағы тұтастай алғанда жерасты және жерүсті су ресурстарына ие, олардың көлемі экономика салаларының қажеттіліктерін қазіргі заманғы деңгейде және перспективада толығымен қамтамасыз етеді.

Осылайша, басқа көздерге өту мәселесі қарастырылмайды.

Сумен жабдықтау

Ақтөбе, Алға, Хромтау, Қандыағаш қалаларының орталықтандырылған сумен жабдықтау қызметтерімен қамтылуы 100 %-ды құрайды. Қолданыстағы сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарының қызмет ету мерзімінің аяқталуына байланысты оларды ауыстыру қажет.

Қазіргі заманғы деңгейде халықтың 76,9 %-ы тұрып жатқан

79 ауыл (53,4 %) орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтылған.

Орталықтандырылмаған көздердің суын (шахталық және құбырлы құдықтар, өзендер, көлдер мен өзге де жерүсті су айдындары) 68 ауылдың халқы (33,915 мың адам) пайдаланады.

Орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтылған барлық ауылдарда ұзындығы жеткілікті кентішілік желілер жоқ. Халықтың 27 %-ы су колонкаларын пайдаланады.

Су бұру

Бүгінгі күні Ақтөбе агломерациясына кіретін 112 елді мекеннің ішінде 14 елді мекен, оның ішінде жалпы халық саны 471 000 адамнан астам 10 ауылдық елді мекен, 4 қалалық елді мекен орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз етілген.

Ақтөбе қаласындағы өткен ғасырдың 1980 жылдары салынған қолданыстағы кәріздік тазарту құрылыстары келіп түскен сарқынды суларды тазартуға шамасы жетпейді.

Облыс аумағында өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және басқа қызмет түрлерінің қарқынды дамуына байланысты халықты орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады.

Сумен қамтамасыз ету мен су бұруды дамыту бойынша негізгі шаралар мыналарды қамтиды:

1) орталықтандырылған сумен жабдықтауға халықтың қол жеткізу деңгейін 2020 жылға қарай қалаларда - 97 %-ға, ауылдық елді мекендерде - 62 %-ға, ал 2030 жылға қарай - 100 %-ға жеткізу, сондай-ақ коммуналдық шаруашылық объектілерін тұрақты сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету;

2) агломерацияның елді мекендерін, оның ішінде Мәртөк пен Қобда аудан орталықтары үшін тазарту құрылыстарының кешендері (бұдан әрі - ТҚК) бар орталықтандырылған су бұру жүйелерімен қамтамасыз ету. Сарқынды суларды тазартудың технологиясын таңдау кезінде қолданыстағы Қазақстан Республикасының Санитариялық қағидаларына сәйкес сарқынды сулардың су объектілеріне түсу мүмкіндігін қамтамасыз ету және тазаланған сарқынды суларды суару мақсаттары (жасыл екпелер, кейбір техникалық ауыл шаруашылығы дақылдары) және өнеркәсіптік кәсіпорындардың айналым циклы үшін пайдалану қажеттілігін қарастыру қажет;

3) тазалау мен залалсыздандырудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып, амортизация мерзімі еткен тазалау су құбыры құрылыстарын реконструкциялау, жаңғырту;

4) жерасты суларының кен орындарын қайта бағалауды орындау;

5) кәсіпорындарда айналмалы, тұйық және жүйелі сумен жабдықтау келемін жаңа жетістіктер мен технологиялар негізінде ұлғайту;

6) өнеркәсіптік сумен жабдықтауды техникалық суға ауыстыру (техникалық суды қолдану мүмкін болған кәсіпорындарда);

7) су шаруашылығы жүйелерін су өлшеудің, суды есепке алу мен суды реттеудің жаңа құралдарымен жабдықтау;

8) прогрессивті су үнемдеу технологияларын енгізуді экономикалық ынталандыруды қоса алғанда, су пайдаланудың тиімділігін арттыру;

9) амортизация мерзімі еткен кәріз жүйелері мен құрылыстарын реконструкциялау және ауыстыру;

10) сарқынды суларды тазалау мен қалдықтарды өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, ТҚК реконструкциялау, жаңғырту, оның ішінде Ақтөбе қаласындағы ТҚК жаңғырту және Алға, Қандыағаш, Хромтау және Бадамша қалаларында ТҚК реконструкциялау;

11) Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасының шеңберінде оның ішінде: Алға ауданының Үшқұдық, Маржанбұлақ, Тамды, Қайнар ауылдарында, Қарғалы ауданының Петропавловка, Шәмші Қалдаяқов, Қосестек ауылдарында, Мәртөк ауданының Жайсан (Яйсан), Қаратоғай, Саржансай, Родниковка, Сарыжар (Хлебодаровка) ауылдарында, Мұғалжар ауданының Ақкемер, Сағашилі ауылдарында және Хромтау ауданының Дон, Ақжар ауылдарында, су бұру желілері мен құрылыстарын дамыту, сондай-ақ қалалық агломерацияның шегінде орналасқан 18 елді мекенде су бұру жүйелері объектілерін салу мүмкіндігін қарастыру;

12) орталықтандырылған сумен жабдықтау жоқ елді мекендерге су құбырының желілері мен құрылыстарын салу, оның ішінде басым жобалар ретінде қарқынды агломерациялау аймағына кіретін 15 елді мекенде (Нұрбұлақ (Шибаяевка), Ерназар,

Қаракұдық, Қайыңдысай, Талдысай, Жерұйық, Ақсазды, Мағаджан, Ақшат, Белогорка, Беккұл баба (Красносельское), Өлке, 39-шы жол айырығы, Өрлеу ауылдары) орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесін салу;

13) өзен ағынын реттеу (суару, сумен жабдықтау, тасқынға қарсы іс-шаралар және басқа да).

Электрмен жабдықтау

Перспективада Ақтөбе агломерациясының электр станцияларын жабдықтарды реконструкциялау және жаңғырту, сондай-ақ жаңа көздерді салу есебінен дамыту көзделеді. 2020 жылға арналған электр энергиясына қажеттілік 5,2 млрд. кВт.сағ. және 2030 жылға қарай 6,3 млрд. кВт.сағ. құрайды.

Ақтөбе қаласының болжанған жүктемелерін жабуды қамтамасыз ету үшін электр желілерін салу мен реконструкциялау, оның ішінде "Батыс" қосалқы станциясын (бұдан әрі - ҚС) 110/10 кВ, "Шыны зауыты" ҚС, 110 кВ "Ақтөбе - 41-ші жол айырығы" әуе желілерінің (бұдан әрі - ӘЖ) кіру-шығу желілерін, 110 кВ "Заречная - Ақжар" ӘЖ салу, "Елек" ҚС, 110 кВ "Ақтөбе - 41-ші жол айырығы" ӘЖ, ҚС 110/35/1 ОқВ реконструкциялау болжанып отыр.

Бұл ретте жаңа тұрғын үй алаптарының белсенді салынуын ескере отырып, 220 кВ "Батыс" ҚС салу кезінде трансформатор қуатын 125 мВА етіп көздеу ұсынылады (қала жобасында қуаты 40 мВА трансформаторлар көзделген). ӘЖ-220 кВ "Батыс" ҚС үшін желіні қолданыстағы ӘЖ-220 кВ Өлке-Шилісайға ойып орнату арқылы салу қажет.

Перспективада 2030 жылға дейін Ақтөбе қаласының электр желілерін реконструкциялау және салу, оның ішінде "Бас төмендеткіш қосалқы станция - 2" 220 кВ ҚС, "Жилгородок" 35/10 кВ ҚС реконструкциялау, "Бас төмендеткіш қосалқы станция-1" және "Бас төмендеткіш қосалқы станция-2" екі жаңа ҚС, "Шыны зауыты - 41-ші жол айырығы" ӘЖ 110 кВ учаскесін салу және қаланың айналасында 110 кВ шеңбер құру көзделеді.

Ақтөбе агломерациясына кіретін аудандардың тұтынушыларын сапалы және сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін реконструкциялау мен жаңа құрылыс салу ұсынылады, оның ішінде:

1) Алға ауданы бойынша "Алға" 110 кВ ҚС реконструкциялау, 220 кВ ӘЖ-не "Кемпірсай" 220 кВ ҚС ашық тарату құрылғысына қоса отырып, 220/6 кВ ҚС салу, "КЕООК" АҚ-мен келісу бойынша, "Кемпірсай" ҚС-да 220 кВ ұяшығы үшін бос орын жоқ, осыған байланысты ОРУ-220 кВ кеңейту қажет (тапсырыс берілген жабдық "КЕООК" АҚ-мен келісілуі қажет);

2) Мұғалжар ауданы бойынша "Каолин" 35/6 ҚС, "Химическая" 35/6 кВ ҚС, "Юбилейная - Шилісай" 110 кВ ӘЖ, "Алғабас" 110/6 кВ ҚС салу көзделген.

Жаңа объектілерді салу және оларды қолда бар қосалқы станцияларға қосу кезінде электрмен жабдықтау желілерін дамытуды және "КЕСЮК" АҚ-мен келісуді ескеру қажет:

1) Мәртөк ауданы бойынша "Қаратоғай - Мәртөк" 110 кВ ӘЖ-ге кіретін "Құмсай" 35/6 кВ ҚС, Қандыағаш қаласында газ турбиналы станциясын салу көзделген;

2) Қарғалы ауданы бойынша екі бір тізбекті "Кемпірсай - Қосестек" 110 кВ ӘЖ сала отырып, "Қосестек" 35/10 кВ ҚС реконструкциялау, сондай-ақ Бадамша ауылында кейін 96 МВт деп кеңейте отырып, қуаты 48 МВт жел электр станциясын салу көзделген;

3) Қобда ауданы бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындар мен меншікті энергия көзінің болмауына байланысты аграрлық секторда шағын және орта бизнесті дамыту үшін жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндігін қарастыру қажет;

4) Хромтау ауданының электрлік желілерін күшейту үшін "Кемпірсай - Дон-3" 110 кВ ӘЖ-ні 220 кВ кернеуге ауыстыру (220 кВ габаритінде орындалды), екінші жаңа 220 кВ ӘЖ желісін салу, 220/110 2х63МВ автотрансформаторларын орнату, сондай-ақ "Дон-2" ҚС-ның 110 кВ-АТҚ реконструкциялау ұсынылады. Перспективада электр энергиясымен қамтамасыз ету "Лиманное" 110/6 кВ ҚС салу есебінен мүмкін болады.

Дон ТБК желілеріне қуат берудің сенімділігі үшін "КЕООК" АҚ келісу бойынша "Перспективада Дон ТБК сыртқы электрмен жабдықтау схемасына" сәйкес сыртқы электрмен жабдықтау желілерін реконструкциялау ұсынылады.

Қазіргі уақытта Дон тау-кен байыту комбинатының жүктемелерін қамтудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жүзеге асырылып жатыр, мұнда Дон тау-кен байыту комбинатының өндірістік қуаттарын дамытуды ескере отырып, перспективада 15 жылға бірнеше нұсқалар қарастырылуда.

Жылумен жабдықтау

Ақтөбе агломерациясының аудандары мен ірі қалаларының бөлінісінде тұрғын үй және қоғамдық құрылыс бойынша жылу жүктемесі мен жылу тұтынудың болжамды деңгейлерін бағалау "Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылулық қорғауы" 2.04-21-2010 ҚР ҚНЖҚ-да бекітілген тиісті қалалардың метеостанцияларына арналған параметрлер негізінде орындалды.

Жылу энергиясына қажеттілікті бағалау қолда бар құрылыс көлемі, халық санының өсу серпіні, тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша нысаналы көрсеткіштер бойынша деректер негізінде орындалды.

Жылытуға, желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын жылу ағындары Қазақстан Республикасында қолданылатын "Жылу желілері" 4.02-02-2004 ХҚН-ға оқу құралына және "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ҚН 3.01-01-2013 сәйкес жылу тұтынудың ірілендірілген үлестік нормалары жөніндегі есептік әдіспен айқындалған.

2030 жылға дейінгі кезеңде қарастырылып отырған аудандар бөлінісінде тұрғын және қоғамдық құрылыс бойынша жылу тұтыну өзгерісінің болжамы 6-кестеде келтірілген.

6-кесте. Тұрғын үй және қоғамдық құрылыс бойынша жылу тұтыну өзгерісінің болжамы
мың Гкал

Атауы	2020 жыл	2030 жыл
1	2	3
Ақтөбе облысы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	8676	11553
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	5203	6929
желдетуге	1601	2132
ЫСЖ-ға	1871	2492
Ақтөбе қаласы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	5053	6771
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	3039	4072
желдетуге	935	1253
ЫСЖ-ға	1079	1446
Алға ауданы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	392	518
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	235	310
желдетуге	72	96
ЫСЖ-ға	85	112
Қарғалы ауданы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	167	220
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	100	132
желдетуге	31	41
ЫСЖ-ға	36	48
Мәртөк ауданы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	268	354
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	161	212
желдетуге	49	65
ЫСЖ-ға	58	77
Мұғалжар ауданы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	752	993
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	450	594
желдетуге	138	183
ЫСЖ-ға	164	216
Қобда ауданы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	165	217

тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	99	130
желдетуге	30	40
ЫСЖ-ға	36	47
Хромтау ауданы		
Барлық жылу шығыстары, оның ішінде:	469	619
тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	281	371
желдетуге	86	114
ЫСЖ-ға	101	134

Агломерация халқының өмір сүруіне жайлы жағдай жасау үшін аудан орталықтарын жылумен жабдықтау орталықтандырылмаған көздерден (20 Гкал/сағ дейін) көзделген.

"Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және салу" ҚР ҚН 3.01-02-2012 ұсынымдарына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысын жылумен жабдықтауды, әдеттегідей, зауытта жасалған жылу агрегаттары мен сумен жылыту жүйесін пайдалана отырып орталықтандырылмаған етіп қарастыру қажет.

Ақтөбе агломерациясы аудандарының елді мекендерін жылумен перспективада орталықтандырылмаған көздерден, оның ішінде қуаты 20 Гкал/сағ. дейінгі аудандық қазандықтардан жабдықтау сақталады.

Газбен жабдықтау

Елді мекендерді газдандыру халықтың өмір сүруінің тұрғын үй-коммуналдық жағдайларын жақсарту процесінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Облысты газбен жабдықтау "Бұқара - Орал" және "Жанажол - Ақтөбе" газ магистральдарынан жүзеге асырылады. "ҚазТрансГаз" АҚ-мен Меморандум шеңберінде облыста елді мекендерді газдандыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Аудан орталықтары, агломерация аймағына кіретін ауылдық елді мекендер және даму әлеуеті жоғары ауылдар бірінші кезекте газбен жабдықтауға жатады.

Табиғи газды тұтыну көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету үшін қалааралық және кентаралық газ құбырларын салу, сондай-ақ 2030 жылға дейін "Бұқара - Орал" МГҚ АГБС-300 дейін ұзындығы 161 км газ құбырының жаңа желісін салу мүмкіндігін қарастыру қажет.

2020 жылға қарай мынадай елді мекендер: Алға ауданының Көктоғай, Тікқайың, Ақай, Қарақобда ауылдары, Қобда ауданының Иманғали Білтабанов атындағы, Жанаталап, Жарсай, Терісаққан ауылдары, Мәртөк ауданының Вознесенка, Веренка ауылдары, Мұғалжар ауданының Темір-көпір ауылы, Хромтау ауданының Жазық ауылы газдандырылады.

2030 жылға дейінгі перспективада мынадай елді мекендерді: Алға ауданының Жерұйық, Сарықобда, Еркінкүш, Талдысай ауылдарын, Қарғалы ауданының Ащысай, Ақкөл, Велиховка ауылдарын, Қобда ауданының Қосөткел ауылын, Мәртөк ауданының Құмсай, Байторысай, Дмитриевка, Покровка, Полтавка, Қазірет, Көкпекті, Қаратаусай,

Первомайқа ауылдарын, Мұғалжар ауданының Көктөбе, Жарық, Елек, Көтібар ауылдарын, Хромтау ауданының Тассай, Көкпекті ауылдарын газдандыру ұсынылып отыр.

2030 жылға қарай агломерацияның елді мекендерін газдандырудың деңгейі 89,3 %-ға жетеді.

Телекоммуникация және байланыс

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұтастай және экономика салаларында күтілетін экономикалық өсім көрсеткіштері көрсетіледі, соның ішінде:

1) халықтың цифрлық сауаттылығын 2020 жылға қарай 80 %-ға және 2022 жылға қарай 83 %-ға жеткізу;

2) Ақтөбе қаласын 2020 жылға дейін "ақылды қалалардың" жаһандық рейтингтерінің біріне енгізу;

3) бастауыш мектепте бағдарламалау негіздері енгізген мектептердің үлесін 2020 жылға қарай 13,5 %-ға және 2022 жылға қарай 40,6 %-ға жеткізу;

4) цифрлық сауаттылықта оқытылған кәсіби кадрлардың үлесін 2020 жылға қарай 0,66 %-ға және 2022 жылға қарай 1,1 %-ға дейін жеткізу көзделеді.

Агломерация аумағында инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту бизнестің және халықтың қажетті мұқтаждарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту шаралары

Көлік желісін оңтайландыру агломерация аумағын кешенді дамыту бағыттарының бірі болып табылады. Көлік инфрақұрылымын кешенді дамытудың негізгі шаралары агломерациялық маңызы бар бірыңғай көліктік-логистикалық жүйені құруға бағытталған.

Теміржол көлігі инфрақұрылымын дамыту Ақтөбе өзек қаласының жүктемесін жеңілдетуді және агломерация аумағының көліктік қаңқасын жетілдіруді көздейді. Айталық 2020 жылға қарай Ақтөбе теміржол вокзалының базасында көліктік-ауысып отыру торабын (бұдан әрі - КАОТ) құру жоспарланған.

2030 жылға қарай:

1) "Бестамақ - Құрайлы" қатынасында Ақтөбе торабын айналып өтетін батыс айналма электрлендірілген теміржол желісін салу;

2) "Бестамақ (Ақтөбе) - Хромтау" электрлендірілген теміржол желісін салу;

3) "Ақтөбе - Қандыағаш", "Хромтау - Қандыағаш" және "Ақтөбе - Мәртөк" қолданыстағы теміржол учаскелерін электрлендіру;

4) Ақтөбе агломерациясының аумағында: Қандыағаш, Хромтау, Алға қалаларында және Мәртөк, Жайсаң, Тамды, Темір, Бестамақ, Қараторғай ауылдарында теміржол вокзалдарын жаңғырту ұсынылады.

Автомобиль көлігінің инфрақұрылымын дамыту аумақтардың тиімді байланысын қамтамасыз ететін оңтайлы жол желісін қалыптастыруды, сондай-ақ сапалы автожолдармен агломерацияның сыртқы және ішкі көлік байланыстарын дамытуды көздейді.

2020 жылға қарай:

1) "Қандыағаш - Мақат" учаскесінде "Атырау арқылы Астраханға шығатын "Астана - Ақтөбе - Мақат - Бейнеу - Ақтау" қатынасындағы "Орталық - Батыс" дәлізін реконструкциялау және жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізу;

2) "Ақтөбе - Қандыағаш" учаскесінде "Ақтөбе — Атырау - Ресей Федерациясының (Астраханға) шекарасы" қатынасындағы республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

3) "Ақтөбе қаласын оңтүстік айналып өту" автомобиль жолын реконструкциялау;

4) "Ақтөбе - Орск" республикалық маңызы бар автомобиль жолын жөндеу;

5) Ақтөбе қаласында негізгі магистраль мен шығу трассаларында көше-жол желілерінің өткізгіш қабілетін жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мәселесін пысықтау ұсынылады.

2030 жылға қарай:

1) "Ақтөбе қаласын батыс айналып өту" автомобиль жолын салу;

2) "Ақтөбе қаласын үлкен оңтүстік айналып өту" автомобиль жолын салу;

3) "Ақтөбе - Ресей Федерациясының шекарасы (Орскіге)" қатынасында республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

4) "Ақтөбе - Болгарка - Шұбарқұдық", "Ақтөбе - Родниковка - Мәртөк", "Қобда - Мәртөк", "Дон — Бадамша - А-25 "Ақтөбе - Орск", "А-25 "Ақтөбе — Орск" - Петропавловка — Қазірет" облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау;

5) "Богословка - Алға - Токмансай", "Маржанбұлақ ауылына кіреберіс", "(Ильинка) Ақай ауылына кіреберіс", "Кемпірсай ауылына кіреберіс", "Қобда - Иманғали Білтабанов", "Қобда - Талдысай", "Қобда - Терісаққан", "Қобда - Жаңаталап", "Қобда - Бестау", "Мәртөк - Дмитриевка - Полтавка", "Вознесенка - Жаңажол - "Мәртөк - Полтавка", "Мәртөк - Полтавка" - Шевченко - Бөрте", "Мәртөк - Қиялы", "Мәртөк ауылына кіреберіс", "Қандыағаш - Жарық", "Қандыағаш ауылына кіреберіс", "Талдысай ауылына кіреберіс", "Ақкемер - Көтібар - Елек - Көктөбе, "Тассай ауылына кіреберіс", "Абай ауылына кіреберіс" аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеу ұсынылады.

Ақтөбе агломерациясының шекарасында халықтың ұтқырлығын арттыру және қоғамдық жолаушылар көлігін дамыту мақсатында 2020 жылға қарай:

- 1) Қобда ауылында 1 автостанция салу;
- 2) Бадамша ауылында 1 қызмет көрсету пунктін салу;
- 3) 18 такси тұрағын салу (агломерация аймағына кіретін 6 аудан орталығында 3 тұрақтан) ұсынылады.

2030 жылға қарай қазіргі заманғы жоғары тиімді жолаушылар көлігінің көліктік жүйесін енгізу үшін:

- 1) агломерацияның аудан орталықтарында Қандыағаш, Хромтау, Алға қалаларында және Мәртөк, Бадамша ауылдарында автостанцияларды реконструкциялау және салу;
- 2) агломерация орталығынан мынадай негізгі бағыттарда: "Бестамақ" (Атырау - Қандыағаш бағыты), "Өлке" (Қостанай - Хромтау), "Маржанбұлақ" (Орал - Қобда), "Құрайлы" (Орынбор - Мәртөк), "Петропавловка" (Орскіге), "Үшқұдық" (Болгарка - Шұбарқұдық) және "Ақшат" (Родниковка - Мәртөк) КАОТ салу;
- 3) "Қала - қала маңы" бағыты бойынша (Ақтөбе қаласынан Бестамақ, Құрайлы, Маржанбұлақ, Өлке, Петропавловка, Үшқұдық, Ақшат бағыттары бойынша) жеңіл рельсті көлікке кейіннен ауыстыра отырып жедел автобус тасымалдары жүйелерінің желілерін салу ұсынылады.

Әуе көлігі инфрақұрылымын дамытуда 2020 жылға дейін ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Ақтөбе қаласының жұмыс істеп тұрған халықаралық әуежайының жасанды ұшу-қону жолағын 68 градусқа бұру бойынша жабалау-сметалық құжаттаманы даярлау жөніндегі мәселелерді пысықтау қажет, бұл қаланы оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бағыттарында аумақтық дамытуға мүмкіндік береді.

Логистика объектілерінің инфрақұрылымын дамыту үшін:

2020 жылға қарай - 5 көліктік-логистикалық орталық салу;

2030 жылға қарай - инвестициялық тартымдылықты ескере отырып итеративті қағидат бойынша 10 көліктік-логистикалық орталық салу ұсынылады.

Көлік логистикасының инфрақұрылымын дамыту Ақтөбе агломерациясының, сол сияқты өңірдің де тиімділігі жоғары көліктік-логистикалық жүйесін құруға, оның халықаралық көлік жүйесімен ықпалдасуына септігін тигізеді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

Ақтөбе агломерациясының аумағында мынадай қызмет көрсету орталықтары айқындалды:

Ақтөбе қаласында өңіраралық (агломерация өзегі) және өңірлік (облыс орталығы) деңгейлер қалыптасады;

Хромтау, Алға, Қандыағаш моно және шағын қалаларында ауданаралық және аудандық (аудан орталығы) деңгейлері;

аудан орталығы мәртебесі берілген Бадамша, Мәртөк, Қобда елді мекендерінде аудандық деңгей қалыптасады;

ауылдық округтердің орталықтарында (47) және тірек АЕМ (8) жергілікті деңгей қалыптасады;

ауылдық округтердің елді мекендерінде қоныстық деңгей қалыптасады, барлығы перспективалы агломерациялау аймағында 108 АЕМ.

Әрбір қонысқа оның мәртебесіне байланысты қызмет көрсету мекемелерінің белгілі бір жиынтығы ұсынылады:

өңіраралық және өңірлік деңгей үшін (күнделікті, кезеңдік, эпизодтық қызмет көрсету объектілерінің толық кешені);

ауданаралық деңгей үшін (күнделікті, кезеңдік қызмет көрсету объектілерінің толық кешені);

аудандық деңгей үшін (күнделікті, кезеңдік объектілердің толық кешені, эпизодтық қызмет көрсетудің жеке объектілері);

жергілікті деңгей үшін (күнделікті қызмет көрсету толық кешені және кезеңдік қызмет көрсету мекемелерінің жеке объектілері);

қоныстық деңгей үшін (күнделікті қызмет көрсету мекемелері).

Жоба шеңберінде "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 сәйкес қазіргі жағдайды, халықтың болжамды саны мен оның демографиялық құрылымын талдау негізінде саралау жолымен орындалған агломерацияның әлеуметтік саладағы объектілеріне нормативтік қажеттілік ұсынылған. Бұл ретте, агломерация халқын әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді қарау бюджеттік мүмкіндіктерді ескере отырып және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде де қажет.

2017-2018 оқу жылының басында Ақтөбе агломерациясында 274 мектепке дейінгі ұйым немесе Ақтөбе облысының мектепке дейінгі ұйымдарының 52 %-ы жұмыс істеді. 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту 95,6 %-ды құрады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен толық қамту 2019 жылға қарай қол жеткізіледі. Нормативтік қажеттілікке сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда орындар санын 2020 жылдың соңына қарай 48,4 мың, ал 2030 жылдың соңына қарай 84,7 мың орынға жеткізу мәселесін пысықтау орынды.

2017-2018 оқу жылының басында агломерацияда 189 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп (Ақтөбе облысы мектептерінің 45 %) жұмыс істеді, оқушылар контингенті 92,2 мың адамды құрады. 2020 жылдың соңына қарай нормативтік қажеттілікті ескере отырып, жалпы білім беретін мектептердің оқытушылық орындарының саны 103,9 мыңға, ал 2030 жылдың соңына қарай 141,5 мыңға жеткізу мәселесін пысықтау орынды.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2017 жылдың басына Ақтөбе агломерациясының шекарасында қуаты 3,66 мың орынды құрайтын стационарлық

көмек көрсететін 35 медициналық ұйым жұмыс істеді, 10 мың адамға шаққанда қамтамасыз ету 57,7 төсекті және қуаты ауысымда 10713 келуді құрайтын дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункттер және жеке медициналық кабинеттерді қоса алғанда 133 амбулаториялық-емханалық ұйым жұмыс істеді, 10 мың адамға шаққанда қамтамасыз ету ауысымда 169,0 келуді құрайды.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі өзгерістер төсек қорын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Қазақстанда төсек қорын қысқарту Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жұмыс істей бастағаннан бастап мүмкін болды.

2030 жылдың соңына қарай төсек қорының шамалы төмендеуі қарастырылады. Төсек қорын қысқарту үйдегі стационарлар мен күндізгі стационарлар сияқты бағыттарды дамыту жолымен мүмкін.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2017 жылдың басында агломерацияда қарттарға және мүгедектерге арналған 310 орындық 1 медициналық-әлеуметтік мекеме (контингенті - 264 адам), психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектерге арналған 400 орындық 1 медициналық-әлеуметтік мекеме (контингенті - 400 адам) жұмыс істеді.

2030 жылға қарай жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын шағын жинақты интернат үйлерін салу және қуаты 10-нан 50-ге дейінгі төсек-орындарды құрайтын күндізгі келу бөлімдері түрінде әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту мүмкіндігінің мәселесін қарастыру орынды.

Агломерацияның тұрғын үй қоры жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2017 жылдың басында жалпы алаңы 11,8 млн. шаршы м тұрғын үйді құрады (Ақтөбе облысының тұрғын үй қорының 73,2 %-ы). Қалалық жерде 9,8 млн. шаршы м тұрғын үй саналды (агломерацияның тұрғын үй қорының 82,8 %-ы). Ақтөбе агломерациясы халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету бір адамға шаққанда 21,0 шаршы м, қалалық қоныстарда 22,2 шаршы м, ауылдық қоныстарда 16,4 шаршы м құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген "Нұрлы жер" бағдарламасына сәйкес қолжетімді тұрғын үй тапшылығы проблемасын шешу үшін аса перспективалы және қолжетімді құрал ретінде жалға берілетін тұрғын үй салу көлемдері ұлғайды.

2020 жылдың соңына қарай Ақтөбе агломерациясы тұрғын үй қорын 14,2 шаршы м, 2030 жылдың соңына қарай 26,1 млн. шаршы м дейін жеткізу ұсынады. Бұл ретте халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 2020 жылға қарай бір адамға шаққанда 22,6 шаршы м, ал 2030 жылдың соңына қарай 27,7 шаршы м құрайды.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2017 жылдың басында Ақтөбе агломерациясында 0,6 мың орындық 2 театр, 1,4 мың орындық 8 кинозалы бар 2 кинотеатр, 11,5 мың орындық клуб типіндегі 80 мекеме, кітапханалық қорында 3,4 млн. бірлік сақталатын 98 кітапхана жұмыс істеді.

2030 жылдың соңына қарай агломерация театрларының орындарына нормативтік қажеттілік 2,4 мың, кинотеатрлардың - 5,4 мың, клуб типіндегі мекемелердің - 37,8 мың, кітапханалардың - 3,6 млн. бірлікті құрайды.

Агломерацияның дене шынықтыру және спорт құрылыстарының желісін қалалық және ауылдық жерде дамыту (қызмет көрсетудің барлық деңгейлерінде) дене шынықтыру және спортпен айналысатын халықты қамтуды 2020 жылға қарай 27 %-дан (2017 жылдың қорытындысы бойынша) 30 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2017 жылдың басында Ақтөбе агломерациясының аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын 74 спорт зал (еден алаңы 17,2 мың шаршы м) және жалпыға ортақ пайдаланылатын 9 бассейн (су айдыны 3,8 мың шаршы м) жұмыс істеді.

Жобалаудың аралық мерзімінің соңына қарай (2020 жыл) жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт залдарының алаңын 19,4 мың шаршы м еден алаңын, бассейндер - 5,2 мың шаршы м су айдынын құрайды.

Жобалаудың есептік мерзімінің соңына қарай (2030 жыл) жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт залдардың нормативтік алаңын 46,8 мың шаршы м еден алаңына, бассейндер - 13,3 мың шаршы м су айдынының алаңына жеткізу жоспарланған.

Ақтөбе агломерациясының халқын әлеуметтік сала объектілерімен қамтамасыз ету деңгейі 2030 жылдың соңына қарай нормативтік көрсеткіштерге жетеді.

Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

Ақтөбе агломерациясының аумағы пайдалы қазбаларға бай және одан әрі дамыту үшін экономикалық әлеуетке ие. Ақтөбе агломерациясының аумақтық орналасуы стратегиялық салалық бағыттарды дамытуды қамтамасыз етеді, өйткені Ресей Федерациясының Орынбор облысы мен Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстанның шекаралас аумақтарына шыға алады, Қазақстанның алты облысымен, оның ішінде Маңғыстау облысымен шектеседі, бұл Ақтөбе агломерациясының Каспий теңізіне шығуын қамтамасыз етеді.

Табиғи ландшафты негізінен төбелермен астасып жатқан жазық дала болып табылады. Агломерациясының негізгі су ресурстары Елек, Сазды, Қобда, Қарғалы, Терісбұтақ өзендері болып табылады, су қоймалары бар, оның ішінде ең үлкені Ақтөбе су қоймасы.

Агломерацияның аумақтық орналасуы, жер бедері, су ресурстары, тарихи-мәдени объектілері ең аз капитал жұмсайтын туризмнің кейбір түрлерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2016 жылы республика бойынша орналастыру объектілері көрсеткен қызметтердің жалпы көлеміндегі Ақтөбе агломерациясының үлесі 2 %-ды құрады. 2015 жылмен салыстырғанда орналастыру объектілерінің саны Ақтөбе

агломерациясында 24%-ға ұлғайды және 67 бірлікті құрады, ал қызмет көрсетілген келушілердің саны 1,2 %-ға азайып, 76066 адамды құрады.

Орналастыру объектілері көрсеткен қызметтер көлемі 6%-ға артты және 1473,2 млн. теңгені құрады. Агломерация бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің негізгі үлесі Ақтөбе қаласына тиесілі - 93,3 %, кейіннен Хромтау (5,6 %), Мұғалжар (0,8 %), Қарғалы (0,1 %), Қобда (0,1 %), Алға (0,02 %), Мәртөк аудандарына (0,02 %) тиесілі.

Агломерацияда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін объектілер саны өңірдің тартымдылығына әсер етеді. Агломерацияда бір 4 жұлдызды қонақ үй, 3 жұлдызды 3 қонақ үй тіркелген, 2 қонақ үй бір және екі жұлдыз санаты берілген. Санаттар берілген қонақ үйлер Ақтөбе қалалық әкімшілігінде шоғырланған. Агломерацияның орналастыру объектілерінің құрылымындағы 91 %-ы санаттары жоқ объектілерге және басқа да орналастыру орындарына жатқызылған.

Ақтөбе агломерациясында туризм саласының даму қарқынын тежейтін факторларға мыналарды жатқызуға болады:

туризм орындарында инженерлік, көліктік, туристік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы, туристік объектілерге қол жеткізудің қиындығы;

сервистің жоғары емес деңгейі, жол маңындағы сервис объектілерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық стандартының санаттарына сәйкес келмеуі;

туристік салада білікті мамандар санының аз болуы;

отандық туристік өнімдер танымалдылығының әлсіз болуы және жеткілікті дәрежеде алға жылжымауы;

инвестициялық белсенділік деңгейінің төмен болуы;

туристік объектілердің жұмыс істеуінің маусымдығы.

Агломерация аумағында туристік саланы дамыту мақсатында туризмнің мынадай түрлері бойынша шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Экологиялық және жағажай туризмі

Экологиялық туризмді Мемлекеттік табиғи қаумалдардың: Қарғалы ауданындағы "Эбита", Мұғалжар ауданында Ақтөбе агломерациясының шекарасына тартылатын "Оркаш" және Көкжиде-Құмжарған, сондай-ақ Мәртөк ауданының Шевченко ауылында тамырлы қазтабан өсетін сирек кездесетін ормандар аумағында дамыту ұсынылады.

Қаумалдардағы экологиялық туризмді туризмнің барлық түрлерімен: велосипедтік, жаяу жүру, ат, мәдени-танымдық, орнитологиялық және басқа да түрлерімен біріктіруге болады.

Ащылысай ауылы мен Ақтөбе - Орск автотрассасынан 10 километр қашықтықтағы Ақтөбе өзенінде орналасқан аудандағы ең ірі Қасқыр сарқырамасы мамырдан бастап маусымға дейінгі кезеңде туристік көрсетілім объектісі бола алады.

Рекреациялық инфрақұрылымды дамытуды Ақтөбе қаласы мен оған іргелес жатқан орманды аймақтарда орналастыру керек.

Сазды рекреациялық-ландшафттық аймақ маңындағы Батыс;

Сазды су қоймасының маңындағы Сазды;

"Green Land" демалыс базасының маңындағы Жасыл төбе;

Жағалаудағы парктің жанындағы Демалыс;

Жылыжайдың сол жағында орналасқан Жыланды табиғи паркі;

Ақжар кентінің жанында орналасқан Ақжар табиғи паркі;

Пригородный кентінің сол жағындағы Қарғалы орман паркі;

"Шымкент - Самара" М32 трассасы мен Қарғалы өзенінің арасында орналасқан табиғи парк.

Аталған аумақтардың тартымдылығын арттыру үшін этнографиялық кешендерді (этно-ауылдарды) мынадай орман парктерінің аумақтарында орналастыру мәселесін қарастыру орынды: Жасыл төбе, Сазды және Ақтөбе су қоймасының жағалық аумағы.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында мынадай іс-шараларды өткізу ұсынылады:

1) туризм инфрақұрылымын дамыту, туристік объектілерді реконструкциялау және салу үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

2) табиғи және тарихи-мәдени көрікті жерлер, бағдарлар мен турлар бойынша арнайы деректер қорын қалыптастыру;

3) үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын және басқалар) туристік бағдарларға көрсеткіштер орналастыру;

4) экологиялық туризмді жарнамалық-ақпараттық қамтамасыз ету және оны Қазақстанның инвестициялық имиджін үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын және басқалар) қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сайттарында ішкі және сыртқы нарықтарда алға жылжыту.

Туризмнің жағажайлық түрін ұйымдастыру және агломерация халқы мен қонақтарын қысқа мерзімді демалыспен қамтамасыз ету шеңберінде 31 жағажай учаскесінде рекреациялық инфрақұрылымды дамыту мәселесін пысықтаған жөн.

Жол сапасын жақсарту, ұйымдастырылған жағажайлар, шағын өлшемді су көлік құралдары (гидроциклдер, байдаркалар, катамарандар, қайықтар) бар су станцияларын құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру ұсынылады.

Туристік инфрақұрылымды дамыту және жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін "Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын және "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану қажет.

Балалар-жасөспірімдер туризмі

Балалар-жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, балаларды қосымша біліммен қамтамасыз ету, балаларды салауатты өмір салты мәдениетіне баулу, мектеп

оқушыларында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-өнегелі құндылықтарын қалыптастыру мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

2016 жылы агломерация аумағында жас туристер мен натуралистердің екі станциясы жұмыс істеді, мұнда 1350 бала немесе 6-18 жас аралығындағы балалардың жалпы санының 1 %-ы (131741 адам) қосымша білім алумен айналысты. Жас туристер станциясында - 720 бала, жас натуралистер станциясында - 630 бала, 2015 жылмен салыстырғанда қосымша білім алумен айналысқан балалар саны 26 %-ға артты.

Туристік-рекреациялық әлеуеттің болуын ескере отырып, жергілікті мемлекеттік басқару шеңберінде агломерация аумағында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша шараларды жүргізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

- 1) қосымша білім алумен айналысатын балалар үлесін ұлғайту;
- 2) жастардың туған өлке, Қазақстан туралы білім деңгейін арттыру;
- 3) Ақтөбе агломерациясының аумағында жастардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін тарихи-мәдени, табиғи объектілер бойынша туристік жастар сапарын ұйымдастыру;
- 4) мектеп спартакиадаларын, туристік көпсайыс бойынша облыстық, республикалық слеттерді тұрақты түрде жүргізу;
- 5) спорттық-сауықтыру және туристік объектілерге келудің қолжетімділігі үшін жағдайлар, жеңілдіктер жасау;
- 6) табиғи қаумалдар аумағында командалық сапарлар, сайыстар ұйымдастыру, жергілікті жерге бағдарлануға оқыту.

Мәдени-танымдық туризм

Мәдени-тарихи және табиғи объектілерді шоғырлануы, сондай-ақ агломерацияға іргелес аумақта тарихи ескерткіштердің орналасуы тарихи-танымдық турларды қалыптастыруға алғышарттар жасайды:

Ақтөбе қаласы - "Ардағым" шаруа қожалығының тоғандары (Қосестек ауылы) - Қызылтам кесенесі (Қосестек) - Қарғалы су қоймасы (Қосестек) - "Эбита" қаумалы (Ақжайық ауылы);

Ақтөбе қаласы - Есет батыр мемориалдық кешені (Бестамақ ауылы), ҰОС қатысушыларына ескерткіш (Ақкемер ауылы) - Кетібар батыр Бәсенұлы монумент-кесенесі (Ақкемер ауылы);

Ақтөбе қаласы - Кеңес Одағының бастыры Ә. Молдағұловаға ескерткіш, Шәкен Ишан мешіті (Маржанбұлақ ауылы), I-II ерте темір дәуіріндегі Байтақ қорымдары (Қосөткел - Байтақ ауылдары) - Абат-Байтақ кесенесі (Қобда ауылы);

Ақтөбе қаласы - Қорым (Қаратоғай ауылы), Мәртөк аудандық тарихи-өлкетану музейі (Мәртөк ауылы) - I-III ерте темір дәуіріндегі Казанка қорымдары (Казан ауылы) - б.д.д. XVI-VI ғ.ғ. Байторысай мазары (Байторысай ауылы) - Шевченко мазары (Шевченко ауылы) - Сирек кездесетін орман (Шевченко ауылы).

Бекқұл баба (Бекқұл баба ауылы) - Ойсылқара (Хромтау қаласының оңтүстік-шығысына 35 км), Айдарлыаша (Хромтау қаласынан 45 км) - б.э.д. XIV - XI ғ. Сарымырза қонысы (Абай ауылы) - Metallурғ жұмысшыларға ескерткіш-құлпытас (Хромтау қаласы), Ұлы Отан соғысы жылдары қаза тапқандарға ескерткіш-құлпытас.

Агломерацияда туризмді дамыту үшін қысқа мерзімді мәдени-оқиғалық іс-шараларды: Ақтөбе агломерациясы рестораторлар турнирлерін, шет елдердің қатысуымен әртүрлі тақырыптағы фестивальдарды, көрмелерді, спорттық іс-шараларды дамытуға арналған бағдар маңызды компонент болуы тиіс.

Ұлы Жібек жолы трассасының бойындағы "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық көлік дәлізі жол бойындағы сервис объектілері желісінің, инженерлік инфрақұрылымның деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлы Жібек жолында халықаралық трансконтинентальдық жобаны қайта жаңғырту мәдениетаралық коммуникацияларды жандандыру үшін аса өзекті болып табылады. Тарихи-мәдени объектілерге, табиғи аумақтарға, музейлерге бару мүдделі туристердің ел туралы танымдарын өзгертеді, жоғалмаған рухани құндылықтарды, ұлттық қолөнер кәсібін, дәстүрлерді бағалауға мүмкіндік береді.

Мәдени-танымдық туризмді дамыту және тарихи мұраны сақтап қалу үшін ғылыми, мәдени-ағарту, туристік мақсаттарды жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғаларға тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру бөлігінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік құралын дамытқан орынды.

Медициналық туризм

Медициналық туризм туризмнің басқа түрлерінің арасында көшбасшы орындардың бірін иеленді және бүкіл әлемде белсенді насихатталуда. Ақтөбе агломерациясында 2 санаторийлік мекеме тіркелген: Ақтөбе қаласында "Юкон" және Алға қаласында "Шипагер". Төсек-орындар санын ұлғайтумен және қызмет көрсету спектрін кеңейте отырып, қолданыстағы санаторийлерді реконструкциялау мәселесін пысықтау ұсынылады.

Жерасты суларының бальнеологиялық тобының қорларын ескере отырып, кен орындарының базасында жаңа санаторий-курорт объектісін ұйымдастыру әлеуеті бар:

Ақтөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 15 км қашықтықта Жылан кен орнында , № 15 ұңғыма;

Ақтөбе қаласының шығысына қарай 25 км қашықтықта Белогорское кен орнында, 4 -Э ұңғыма.

Ұсынылып отырған санаторий-курорт объектісінің тартымдылығын қамтамасыз ету үшін емдік ем-шараларға қосымша ретінде адамдардың кез келген жас санатына арналған әралуан ойын-сауықтары бар барлық маусымдық іс-шараларды көздеу қажет. Объектінің аумағында шет мемлекеттердің ұлттық асханасы бар бірнеше

мейрамханаларды, шеф-аспазшылардың мастер-кластарын көздеу ұсынылады, бұл емдеу-сауықтыру туризмін туризмнің гастрономиялық түрлерімен біріктіруге мүмкіндік береді.

Жаңа санаторий-курорт объектісін құруға бірінші деңгейдегі Ақтөбе қаласын Батыс өңірінің орталығы және бір уақытта логистикалық әлеуеті ұлғаятын халықаралық деңгейдегі хаб қала ретінде қалыптастыру перспективасына ықпал етеді.

Спорт-шытырман оқиғалы туризм

Жылдам дамуға және танымалдылыққа ие болуға қабілетті туризмнің перспективалық түрі спорт-шытырман оқиғалы туризм болып табылады. Аталған түр дамыған инфрақұрылым мен ірі қаржы шығындарын қажет етпейді, бұл ретте сұранысқа ие және рентабельді болып қалады.

Қарғалы және Мәртөк аудандарының ландшафты спорттың шаңғы түрін, дельтапланеризмді, сноубордингті, велосипед туризмін (кросс-кантри), автотуризмді дамытуға ықпал етеді.

Туризмнің ат түрін дамытуға Ақтөбе қаласының Қарғалы ауылдық округіндегі ипподром қызметі ықпал етеді. Қобда ауданының Иманғали Білтабанов ауылында және Мәртөк ауданының Мәртөк ауылында ипподромдар құру мәселесін қарастырған жөн. Ипподромдарда ипотерапия курстарын өткізу бойынша мәселені қарастырған орынды

Демалыстың танымал түрлерінің бірі әуесқой балық аулау және аң аулау болып табылады. Туристік қызмет субъектілеріне балық аулау және аң аулау қызметтерін ұйымдастыру бойынша қосымша қызметтерді қоса отырып мынадай қызметтер тізбесін кеңейткен орынды: орналастыру нүктесіне дейін трансферлеу, орналастыру, тамақтану, шығу және іс-шаралар ұйымдастыру.

Агломерацияның қолданыстағы аң аулау шаруашылықтарының проблемасы олардың танымалдылығының төмен болуы болып табылады. Әуесқой (спорт) аң аулауды белсенді дамытуды және мол туристер тартуды жүзеге асыру үшін аң аулау шаруашылығын елді мекендерге дейін шоғырландыру байланыстары, орталық кеңсе байланыс деректері, координаттар, жол жүру схемалары, аң аулау әдістері, аңдардың түрлері, аң аулау маусымы, трансфер, жолсерік, аудармашы қызметтері, олжаларды өңдеу, олжаларды тасымалдауға рұқсат алу көрсетілген сайттар құру ұсынылады.

Туристік ресурстарды пайдалану базасында туристік өнім қалыптастыру, рекреациялық инфрақұрылымды дамытуда мемлекеттік сектордың белсенді қатысуы Ақтөбе агломерациясында туристік саланың қалыптасуын қамтамасыз етеді және оның танымалдылық пен тартымдылық деңгейін арттырады.

1. Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар

Ақтөбе агломерациясы өнеркәсіптік дамыған өңір ретінде қоршаған орта компоненттеріне белгілі бір әсер етеді.

Қолайсыз экологиялық жағдай көптеген көп жылдық проблемалардан қалыптасады, олардың қатарында Елек өзені мен жерасты суларының бормен және хроммен ластануы, өнеркәсіптік және отын-энергетикалық кешеннің теріс әсер етуі, өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы, өсімдіктер және жануарлар әлемінің тоқырауы.

Аумақтың оңтүстік бөлігіне Арал дағдарысының салдары әсер етуде. Бұдан басқа, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісі экологиялық талаптарды сақтамаған жағдайда барлық табиғи компоненттер мен халықтың денсаулығына теріс әсерін тигізеді.

Агломерация шегінде қарқынды және белсенді агломерациялау аймағында облыстың негізгі ластауыштарының ондығына кіретін Ақтөбе хром қосындылары зауыты, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, "Қазхром" ТҰК АҚ-ның ДонТБК, "Ақтөбе ЖЭС" АҚ, "Ақбұлақ" АҚ сияқты ірі кәсіпорындар орналасқан.

Аумақ үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу проблемасы өзекті болып табылады (облыс бойынша түзілетін қалдықтардың 75,0 %-ынан астамы агломерацияның елді мекендеріне тиесілі). Қалдықтарды өңдеу облыс орталығында ішінара қалыптастырылған, сонымен бірге түзілу көлемінің кемінде 1,5 %-ы өңделеді. Қалдықтарды орналастыру үшін Ақтөбе, Алға және Хромтау қалаларын қоспағанда, заманауи талаптарға жауап беретін қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі - ҚТҚ) полигондары жетіспейді.

Агломерация аумағында қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы басым бағыттар мыналар болып табылады:

атмосфералық ауаның өнеркәсіп пен автокөліктен бөлінетін ластаушы заттардың шығарындыларымен ластануын болдырмау;

қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

су ресурстарының ластануын болдырмау, қорғау және ұтымды пайдалану;

жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;

өндірістік және тұтыну қалдықтарын басқару;

биоалуандылықты және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау;

агломерация аумағының табиғи-экологиялық тірегін дамыту.

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

агломерация аумағында атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттар эмиссиясын қысқарту бойынша шараларды күшейту; атмосфераға нормативтен жоғары бөлінетін ластаушы заттар шығарындыларын болдырмау үшін атмосфералық ауаны ластаушы негізгі кәсіпорындар болып табылатын - Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Дон ТБК, "

Қазхром" ТНК" АҚ-ның филиалдары, "Ақтөбе ЖЭС" АҚ, "Интергаз Центральная Азия" АҚ, "Ақтөбе" магистралды газ құбырының басқармасы және т.б. үшін атмосфераға ластаушы заттар шығындыларын төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу;

ластаушы заттар шығарындыларын қысқарту мақсатында елді мекендерді газдандыру;

кәріздік тазалау құрылыстарын (оның ішінде Ақтөбе қаласында), күкіртті сутек бөлетін кездер болып табылатын аулашілік кәріздердің ездiгiнен ағатын кәріз жүйелерін реконструкциялауды/жаңғыртуды жүргізу;

Ақтөбе қаласында ауданы 35 га бұрынғы ет комбинатының буланатын алаңдары бойынша жоба әзірлеу және оларды қалпына келтіруді жүргізу, мұнда тоқсаныншы жылдардың соңы - екі мыңыншы жылдардың басында Ақтөбедегі жағымсыз иістің және ондағы ауаның күкіртті сутекпен және аммонийлі азотпен ластану себептерінің бірі болып табылатын барда - спирт өндірісінің қалдығы тасталатын (іске асырудың болжамды мерзімі 2017 - 2020 жылдар);

Ақтөбе, Алға, Хромтау қалаларының өнеркәсіптік кәсіпорындарының санитариялық қорғау аймақтарында, автожолдар бойында, сондай-ақ тұрғын үй және рекреациялық аймақтарда атмосфералық ауаның жағдайына мониторингтік зерттеулер ұйымдастыру;

агломерация аумағында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - РМК) Ақтөбе облысындағы филиалының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін автоматтық және стационарлық (оның ішінде онлайн) бекеттерінің желісін кеңейту (қазіргі уақытта барлық 6 бақылау бекеті Ақтөбе қаласында орналасқан, эпизодтық бақылаулар Қандыағаш қаласында жүргізіледі);

"Қазгидромет" РМК-ның аумақтық бөлімшесінің мониторингтік желісі айқындайтын ластаушы заттардың параметрлері мен тізбесін кеңейту;

Ақтөбе қаласының жолдарында көлік ағынын басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;

жеке және жолаушылар автокөлігін (оның ішінде бюджеттік және мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың) сұйытылған және сығымдалған газға ауыстыру, олардың санын жалпы санының 30 %-на дейін жеткізу;

өндірістік кәсіпорындардың санитариялық қорғау аймақтарын барынша көгалдандыру, оның ішінде IV, V сыныпты кәсіпорындар үшін - алаңының кемінде 60 %-ы, II және III топты кәсіпорындар үшін - кемінде 50 %, 1000 м және одан көп санитариялық қорғау аймақтары бар кәсіпорындар үшін - тұрғын үй құрылысы тарапынан ағашты-бұталы екпелер жолағын міндетті түрде ұйымдастыра отырып, оның аумағының кемінде 40 %-ы;

Ақтөбе ферроқорытпа зауытының № 4 жаңа цехының, Ақтөбе ЖЭС және оған іргелес санитариялық қорғау аймақтарының аумағында жасыл екпелер санын ұлғайту;

экологиялық "таза" энергия өндіру бойынша жобаларды іске асыру, оның ішінде:

Қарғалы ауданы Бадамша ауылында қуаты 48 МВт кейіннен қуаты 96 МВт дейін кеңейтіп жел электр станциясын;

Қарғалы ауданы Кемпірсай ауылында қуаты 300 МВт дейінгі жел электр станциясын;

Мәртөк ауданында қуаты 450 кВт жел электр станциясын;

Алға қаласында қуаты 50 МВт күн электр станциясын;

Ақтөбе қаласында өнімділігі 10-14 МВт.сағ. биогаздық/термолиздік қондырғы салу.

Қобда ауданында өнеркәсіп кәсіпорындарының және жеке энергия көздерінің болмауына байланысты аграрлық секторда шағын және орта бизнесті дамыту үшін жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Бұдан басқа, Ақтөбе қаласы мен агломерация аудандарындағы кәсіпорындарда Астана қаласында 2017 жылы өткен ЭКСПО халықаралық көрмесінде көрсетілген жаңа технологиялар мен жобаларды енгізу ұсынылады.

Физикалық факторлардың ықпалынан қорғау бойынша жобалық ұсыныстарда мыналарды қамтылады:

агломерация аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау үшін "Қазгидромет" РМК-ның Ақтөбе облысындағы филиалының метеорологиялық станцияларының желісін кеңейту;

Алға, Хромтау аудандарының аумағында ауыз су көздерін бақылау, онда суда альфа белсенділігінің нормативтері жоғары және радиациялық кернеуліктің орташа дәрежесі белгіленген;

өкелінетін және пайдаланылатын құрылыс материалдарын радиациялық бақылау;

иондаушы сәулелену көздерін бақылау; ескірген рентген жабдығын ауыстыру және мониторингтеу; объектілерде радиациялық қауіпсіздік режимін белгілеу және күтіп-ұстау; қалаға қатысты транзиттік көлік ағындарын өткізіп жіберу үшін айналма жолдар салу;

жалпы қалалық маңызы бар басты магистральдарда "жасыл толқын" типі бойынша көлік ағындарын өткізу жүйесін реттеуші қозғалысты енгізу;

көше-жол желісіндегі шуды төмендету үшін магистральдық көшелерді ағаштардың жапырақты түрлерімен көгалдандыру;

көліктердің шу шығару деңгейі төмен экологиялық таза түрлерін қолдану;

ұтымды жоспарлы шешімдер қабылдау, санитариялық қорғау аймақтарын құру, сондай-ақ трансформаторлық қосалқы станциялардың шуынан қорғау мақсатында жасанды дыбысты қоршау конструкцияларын пайдалану;

санитариялық қорғау аймақтарын көгалдандыру және теміржол көлігінің шуылынан қорғау үшін құрылыстардың артындағы шу деңгейін 15-20 дБА төмендетуге мүмкіндік беретін темірбетон конструкцияларынан жасалған шуды қалқалаушы құрылғылар орнату;

электромагниттік сәулеленудің халыққа тигізер әсерін болдырмайтын немесе әлсірететін сәуле шығарушы және түсіруші объектілерді ұтымды орналастыру.

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

Елек, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Қарғалы, Қосестек, Ақтасты өзендері суының ластануының жоғары деңгейін "нормативтік - таза" деңгейіне дейін төмендету;

ағынды суларды тазарту деңгейін нормативтік деңгейге дейін жеткізу үшін Ақтөбе қаласында "Ақбұлақ" АҚ тазарту құрылыстарының кешенін кешенді реконструкциялау (2020 жылға дейін);

агломерацияның ірі елді мекендерінің, оның ішінде Қандыағаш, Хромтау қалаларында, Бадамша ауылында кәріздік-тазарту құрылыстарын реконструкциялау және Қобда, Мәртөк аудан орталықтарында тазарту құрылыстарын салу (2030 жылға дейін);

Алға ауданының Үшкұдық, Маржанбұлақ, Тамды ауылдарын, Қарғалы ауданының Петропавловка, Шәмші Қалдаяқов, Қосестек ауылдарын, Мәртөк ауданының Қаратоғай, Саржансай, Родниковка, Сарыжар ауылдарын, Мұғалжар ауданының Ақкемер, Сағашилі ауылдарын және Хромтау ауданының Дон, Ақжар ауылдарын орталықтандырылған су бұру жүйелерімен қамтамасыз ету;

жекеменшік секторды және Оңтүстік-Батыс, ГМЗ, Заречный, Ақжар, Новый, Ясный -2 өнеркәсіптік аймағын (су жиналатын алаңға және Елек өзенінің басқа да салалары Ақтөбе су қоймасының маңында орналасқан) қамти отырып, Ақтөбе қаласының дамушы аудандарында кәріз жүйелерін салу және басқа да;

сарқынды суларды қалалық коллекторға ағызатын Ақтөбе қаласының кәсіпорындарында сарқынды суларды жергілікті тазарту құрылыстарын орнату;

қалалық тазарту құрылыстарының сарқынды суларын еселеу үшін Ақтөбе су қоймасынан санитариялық-экологиялық су жіберу;

Елек өзенінің ластануын төмендету және "Ақбұлақ" АҚ тазартылған сарқынды суларын ағызуды болдырмау мақсатында қалалардағы жасыл екпелерді суаруға тазартылмаған сарқынды суларды қайта пайдалану мүмкіндігін қарастыру;

өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату, бұрынғы Алға химия зауытының шлам сақтағыштарын қалпына келтіру және өндірістік алаңның көлемі 500 га Елек өзенінің бормен ластану ошағын толық жою;

Елек өзенін алты валенттік хроммен ластанудан тазарту (алты валенттік хромнан жерасты суларын тазарту жөніндегі техникалық жұмыстарды жүргізу арқылы 12 км² алаңда, ластанған учаскелерде жерасты суларының жағдайына мониторинг жүргізу);

фондық көрсеткіштерді алу және бормен тарихи ластанған объектілердің барынша нақты әсерін айқындау мақсатында Елек өзенінде жерүсті суларының сынамаларын алу үшін "Қазгидромет" РМК-ның қосымша гидробекеттерін ұйымдастыру;

Ақтөбе қаласының аумағында (Қарғалы, Жаман Қарғалы, Сазды, Тамды, Жіңішке, Бұтақ) Елек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оның ағындарын қатаң сақтау;

Елек өзеніне құйғанға дейін Сазды өзенінің жағасы мен арнасын тазалау және абаттандыру;

тиісті белгілерді орната отырып зерттелетін аумақтың өзендері мен су қоймаларында су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

су қорғау аймақтары мен өзендердің жағалық белдеулерінің (оның ішінде техникалық қызмет көрсету пункттері, автотұрақтар, автомобильдер жуу орындары және басқа да) шегінде түрлі объектілерді салуға салынатын тыйымды қатаң бақылау.

Жер ресурстарын қорғау мақсатында:

облыс кәсіпорындары мен ұйымдары зақымдаған жерлерді қалпына келтіруді жүргізу, оның ішінде: Ақтөбе қаласында - 1168 га, Алға ауданында - 717 га, Қарғалы ауданында - 184 га, Мәртөк ауданында - 102 га, Мұғалжар ауданында - 1752 га, Хромтау ауданында - 4630 га;

2015 жылы 104,99 млн. тонна көлемінде құрылған "Қазгеоруд" ЖШС, "Коппер технолоджи" ЖШС және "Қазхром" ТҰК АҚ Дон ТБК кәсіпорындарының аршылған тау жыныстарын қалпына келтіру және пайдалану;

бұрынғы Алға химия зауытының, Ақтөбе қаласының ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарының өнеркәсіптік алаңдарының аумағында тарихи қалдықтармен ластанған 40 га алаң жерді қалпына келтіру;

Ақтөбе өнеркәсіптік тармағының, Хромтау тау-кен өнеркәсіптік ауданының аумағында тозған аумақтарды, шаруашылық және өзге де қызметтен зақымданған және ластанған жерлерді қалпына келтіру (Ақтөбе, Алға қалаларында, Ақтөбе химиялық қосындылар зауыты, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты кәсіпорындарының өндірістік қалдықтары, "Коппер Технолоджи" ЖШС және "Қазхром" ТҰК АҚ, Дон ТБК кәсіпорындарының аршылған тау жыныстары);

ауыспалы жайылымды енгізуді қарастыра отырып, жайылымдарда (тапталған) топырақтың тозуының және оның биологиялық өнімділігін жоғалтуының алдын алу шараларын негіздеу үшін геоботаникалық зерттеу жүргізу (Хромтау, Мұғалжар, Қобда, Мәртөк аудандары).

Өндірістік және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі іс-шараларда мыналар көзделген:

ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың полигондарында орналастырылған өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату туралы мәселені қарастыру, оның ішінде:

"Қазхром ТҰК" АҚ (кесек қалдықтар - 70,986 мың тонна, шлам - 632,724 мың тонна, шлак - 193,692 мың тонна), "Коппер Технолоджи" ЖШС (аршылған тау жыныстары - 36186,81 мың тонна), "АМК" ЖШС (байыту қоймалары - 4789,49 мың тонна), "Восход

Хром" ЖШС (байыту қоймалары - 177,853 мың тонна), "Қазгеоруд" ЖШС (аршылған тау жыныстары - 51368,951 мың тонна), "АЗХС" АҚ (шлам - 153,254 мың тонна);

"Қазхром ТҰК" АҚ-ның ДТБК филиалы, "Қазхром ТҰК" АҚ-ның АФЗ филиалы, "Энергосистема" ЖШС, "КЕООС" АҚ-ның "Ақтөбе жүйеаралық электр тораптары" филиалы, "Интергаз Орталық Азия" АҚ-ның "Ақтөбе МГБ" филиалы және т.б. полихлорифенилдің болуына жабдықтарды түгендеу;

бұрынғы Алға химия зауыты мен Алға қаласындағы іргелес аумақтың (400 га) өнеркәсіптік алаңында орналасқан шамамен 1 млн. тонна көлемінде жинақталған тарихи қалдықтарды жою;

Ақтөбе қаласының өнеркәсіптік аймағында орналасқан спирт өндірісі қалдықтарының (бардалар) қараусыз қалған жинақтауышын қалпына келтіру;

1987 жылдан бастап іске қосылған және Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс шеткі аймағындағы өнеркәсіптік аймақта орналасқан ескі қалалық қатты тұрмыстық және Ақтөбе қаласының басқа да қалдықтарының полигонын жою және қалпына келтіру (полигон алаңы - 20 га, көлемі 3 млн. тоннадан астам қоқыс);

агломерация аумағындағы ТҚҚ сақтау орындарында құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу;

2020 жылға дейін Қандыағаш, Мәртөк, Қобда, Бадамша аудандық орталықтарында ҚТҚ полигондарын салу;

2030 жылға дейін Есет батыр Көкіұлы, Бестамақ, Маржанбұлақ, Тамды (Алға ауданы), Петропавловка, Қосестек (Қарғалы ауданы), Әлия (Қобда ауданы), Жайсаң (Яйсан), Қаратоғай, Жаңажол, Сарыжар (Хлебодаровка) (Мәртөк ауданы), Аккемер, Сағашилі (Мұғалжар ауданы), Ақжар (Хромтау ауданы) ҚТҚ полигондарын салу;

2020 жылға дейін Ақтөбе қаласында қоқыс өңдейтін кешенді жобалық қуатына жеткізу (жобалық қуаты жылына 200 мың тонна);

2030 жылға дейін Ақтөбе қаласында қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалануға беру;

2030 жылға дейін Қандыағаш, Хромтау, Алға қалаларында қоқыс сұрыптайтын желілер/зауыттар салу;

Алға ауданының Тамды, Қарабұлақ, Самбай, Есет батыр Көкіұлы, Маржанбұлақ, Қаракұдық, Қарақобда, Ақай ауылдарында, Мәртөк ауданының Қарабұлақ ауылында, Қарғалы, Қобда, Хромтау аудандарының елді мекендерінде және Ақтөбе қаласында үлгілік мал қорымдарын (Беккер шұңқыры) салу;

Агломерация аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту, табиғи экожүйелерді және биоалуандылықты сақтау үшін 2020 жылға дейін Хромтау ауданындағы "Айдарлыаша" геоморфологиялық бөлінісінде геопаркті, 2030 жылға дейін Қарғалы ауданында 25000 га "Қарғалы" мемлекеттік өңірлік табиғи паркін салу, сондай-ақ жергілікті маңызы бар 11 мемлекеттік табиғат ескерткішін ұйымдастыру ұсынылады.

Бұдан басқа, орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің материалдық-техникалық базасын күшейту бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Агломерация аумағында жасыл екпелерді қорғау үшін Ақтөбе және аудандардың жасыл аймақтарын 2020 жылға қарай 4385 га, ал 2030 жылға қарай 17100 га ұлғайту жұмыстарын жүргізу қажет.

Қабылданып жатқан шаралар қарқынды және белсенді агломерациялау аймағын, агломерацияның тартылыс орталықтарын, әлсіз агломерациялық процестерді қоса алғанда, Ақтөбе агломерациясының экологиялық жағдайын тұрақтандыруға және жақсартуға мүмкіндік береді.

Аумақтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

2010 - 2016 жылдар кезеңіндегі эпидемиологиялық жағдай қалыпты. Көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, туберкулездің таралуын эпидемиологиялық қадағалау, онкологиялық ісіктердің көбеюі өзекті мәселе болып қалып отыр.

Қатерлі ісіктермен ауыру көрсеткіштері 2016 жылы 100 мың адамға шаққанда 177,7 құрады (республика бойынша 100 мың адамға шаққанда - 206,9).

Агломерация аумағында туберкулезбен ауыру бойынша жағдай барынша шиеленісіп тұр, 2016 жылы көрсеткіш 100 000 адамға шаққанда 58,3 құрады (республика бойынша - 52,7).

Ақтөбе қаласында 8 стационарлық қолайсыз пункт, 10 күйдіргі ошағы, Алға ауданында 10(16 ошақ), Қарғалы ауданында 8 (8 ошақ), Қобда ауданында 18 (20 ошақ), Мәртөк ауданында 8 (8 ошақ), Мұғалжар ауданында 15 (16 ошақ), Хромтау ауданында 8 (8 ошақ) ошақ бар.

Қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде агломерацияның бүкіл аймағындағы туляремияның белсенді әрекет ететін табиғи ошақтары мен күйдіргі бойынша стационарлық қолайсыз пункттердің аймағында орналасқан елді мекендерді ескеру қажет.

"Қазхром" ТҰК-ның филиалының Ақтөбе зауытының және Ақтөбе қаласының кірпіш зауытының санитариялық қорғау аймағында агломерация орталығында тұрғын үйлер орналасқан, бұл өндірістік объектілердің санитариялық қорғау аймағын белгілеу бойынша эпидемиологиялық талаптарға қайшы келеді. Осыған байланысты Ақтөбе қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарының санитариялық қорғау аймақтарында орналасқан тұрғын үйлерді кешіру мәселесін пысықтау ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау

Белсенді агломерациялау аймағында қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және Абат-Байтақ қорымы республикалық маңызы бар ескерткішінің қорғалатын табиғи ландшафтының аймағын пайдалану режимінің мәселелерін реттеу және аумағы жаңа көмуге ұшырап жатқан аталған ескерткіштің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қоршау орнату қажет.

Агломерация аумағында құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде, әсіресе, мұнай және газ өңдеу бойынша жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатқан Мұғалжар ауданында тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтап қалу қажет. Мәдени мұраны сақтау және дәріптеу саясатын іске асыру үшін: өңірдің көшпелі тайпаларының халықтық сәулет өнерінің қазыналары болып табылатын ескерткіштердің (кесенелер, сағанатамдар, құлпытастар, ғибадатханалар және т.б.) жағдайын жүйелі тексеру, реставрациялық және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;

жыл сайын антропогендік фактор мен жануар әлемінің әсер етуі нәтижесінде бүлініп жатқан аса жарқын және көрнекті сәулет және қала құрылысы ескерткіштерінің аумағын жайластыру және қоршау бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалатын табиғи ландшафтының аймағын пайдалану режимінің мәселелерін реттеу;

агломерация аумағындағы археологияның көрнекті ескерткіштерін зерттеу үшін археологиялық жұмыстар жүргізу және ашық аспан астында музейлер құру;

барлық санаттардағы тарих және мәдениет ескерткіштерін айқындау, зерттеу, сақтау ұсынылады.

Аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі негізгі шаралар және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шаралар.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және халықты қорғау мақсатында Ақтөбе агломерациясының аумағында перспективада халық пен аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені көзделген.

Елді мекендерді сел мен су тасқынына қарсы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін:

1) Жіңішке өзенінің бойымен, Жаңақоңыс ауылынан бастап өзеннің Елек өзеніне құятын жеріне дейін арналарды тазарту, тереңдету және жағасын нығайту жұмыстарын жүргізу;

2) Кеңес Нокин көшесіндегі көпірден бастап (Шығыс базарының ауданы) Елек өзенінің арнасына құятын жеріне дейін және Сазды су қоймасынан бастап Сәңкібай батыр көшесіндегі көпірге дейін Сазды өзенін тазарту, тереңдету және арнасын нығайту бойынша жұмыстарды жалғастыру;

3) Ақтөбе қаласы Қарғалы ауылы арқылы өтетін Песчанка өзенінің бүкіл бойындағы арнаны тазарту, тереңдету және жағасын нығайту жұмыстарын жүргізу;

4) Заречный кентінде Жаман Қарғалы өзенінің арналарын тазарту, тереңдету және жағасын нығайту жұмыстарын жүргізу;

5) Зинченко көшесінен қалалық сүт зауытының айналма жолының бағытындағы көпірге дейін, Ақтөбе қаласының қалалық сүт зауытының аймағындағы бағбандық

ұжымдар арқылы өтетін Тамды өзенінде арнаны тазарту, тереңдету және жағасын нығайту жұмыстарын жүргізу;

6) Ақтөбе қаласының шегіндегі Бұтақ өзенінің арнасын тазалау, тереңдету және жағасын нығайту жұмыстарын жүргізу;

7) Ақтөбе қаласы "Авиатор" аймағындағы ұзындығы шамамен 2000 метрлік нөсерлік кәріз құру;

8) Жаңақоңыс ауылында "Бірлік" орамында ұзындығы шамамен 2000 метрлік су бұру арнасын салу және оны "Лидер" автожанармай құю станциясынан бастап "Шестихатка" теміржол көпірінің бойындағы Жіңішке езеніне дейін 5 метрге кеңейту;

9) ұзындығы шамамен 1500 метрлік Новоальджанский су бұру арнасын Богословский тасжолынан Сазды өзеніне дейін жалғастыру бойынша жұмыстарды жүргізу;

10) метеостанция ауданында ұзақтығы 500 метр Қосестек өзенінің арнасын 10 метрге дейін кеңейте отырып тазарту, сондай-ақ Қарғалы ауданы Қосестек ауылында кент ішіндегі Қосестек, Тарангүл және Айтпайка өзендеріндегі бөгеттерді нығайту;

11) Ақтөбе қаласы "Москва", "Гормолзавод" аудандарында қар және жаңбыр суларын бұру арқылы қолданыстағы нөсерлік арналарды күрделі жөндеу және жаңаларын орнату;

12) тікелей гидротехникалық құрылыстарда (Ақтөбе, Қарғалы және Сазды) және су басу аймақтарына жататын елді мекендерде ағыс бойымен темен орналасқан су қоймалары бұзылған жағдайда бірыңғай жергілікті хабарландыру жүйесін орнату (Шәмші Қалдаяқов, Петропавл, Садовое, Кеңес Нокин, Құрайлы, Саржансай, Кеңсахара, Мәртөк ауылдары, Қарғалы ауылы);

13) Елек өзенінің арнасын ағашты және бұталы өскіндер мен лайлы шөгінділерден тазарту, Ақтөбе су қоймасының қақпағынан бастап Құрайлы ауылына дейін тасқынға қарсы дамбы салу арқылы жағалық аймақты күшейту;

14) Алға ауданында тасқынға қарсы 'бөгеттерге күрделі жөндеу жүргізу: Тамды ауылында - 2000 метр, Алға қаласында - 900 метр;

15) Мәртөк ауданы Саржансай ауылында ұзындығы 7 000 метр тасқынға қарсы бөгет салу;

16) "Казанка - 1" тоғанында бөгет тоғанның өзін күрделі нығайта отырып, су ағызуға арналған шлюз орнату;

17) Мұғалжар ауданы Сағашилі ауылында, Шәмші Қалдаяқов ауылында (Қарғалы су қоймасының бұзылуынан су басуды болдырмау үшін) тасқынға қарсы бөгеттер салу;

18) Хромтау ауданында (Хромтау қаласы) және Мұғалжар ауданында (Қандыағаш қаласы) ойпаң жерлерде сорғы станциясын орната отырып нөсерге қарсы арналар, арықтар, су өткізу ғимараттарын салу.

Суда құтқару және сүңгуірлік-іздістіру жұмыстарын жүргізу үшін шомылу маусымында және тасқын қаупі бар кезеңде Хромтау қаласында суда құтқару

станциясын салу ұсынылады, бұл жақын жатқан Әйтеке би, Мұғалжар және Қарғалы аудандарында төтенше жағдайларға жедел ден қою мәселелерін шешеді.

"Өртке қарсы күрес қызмет саласындағы объектілерді жобалау" ҚР ҚН 2.02-04-2014 және ҚР ЕЖ 2.02-105-2014 бойынша Ақтөбе агломерациясында өртке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін үлгілік өрт депосының ғимараттарын салу ұсынылады: Ақтөбе қаласында - 7, Хромтау ауданы Хромтау қаласында - 1, Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласында - 1, Алға ауданы Алға қаласында - 1, Мәртөк ауданы Мәртөк қаласында - 1, Қобда ауданы Қобда ауылында - 1.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі жоқ елді мекендерде өрт бекеттерін құру ұсынылады:

Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округінің Үшқұдық ауылында, Маржанбұлақ ауылдық округінің Маржанбұлақ ауылында;

Қарғалы ауданы Әлімбетов ауылдық округінің Әлімбетов ауылында;

Хромтау ауданы Ақжар ауылдық округінің Ақжар ауылында;

Мәртөк ауданының Родниковка ауылында;

Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің Ақкемер ауылында.

Туындаған өртті сөндіруге өрт техникасымен су көздерінен су алу үшін өрт пирстерімен қамтамасыз ету ұсынылады:

Сазды ауылында - Сазды су қоймасында, саяжай массивтерінің тұсынан;

Қарғалы ауылдық округі Мағаджан ауылында - Ақтөбе су қоймасының жағасында, орман шаруашылығының тұсынан;

Құрайлы ауылдық округінде - 3 пирс орнату (Өрлеу ауылында - Елек өзені бойында, Өрлеу ауылы тұсынан өткел аймағында Силикатный зауытына қарай; Заречный ауылы мен Орман шаруашылығының қиылысқан жерінде және Құрайлы кентінде);

Жаңақоңыс ауылында - Новый ауылында Жіңішке өзені бойында;

Благодарный ауылдық округінде - Жақсы Қарғалы, Жаман Қарғалы, Ақтасты, Бұтақ өзенінде, Майское су қоймасында 5 пирс орнату;

Қарғалы ауданында Қосестек ауылында, Қосестек ауылдық округінде - Тарангүл өзенінде;

Қобда ауданында Бестау ауылдық округі Бестау ауылындағы Терісаққан өзенінде және Жаңаталап ауылдық округінде;

Мұғалжар ауданында Қандыағаш қаласында - Темір өзенінде;

Ақкемер ауылдық округінде, Ақкемер ауылы - Елек өзенінде;

Алға ауданы Алға қаласында Елек өзенінде;

Хромтау ауданы Абай ауылдық округі Абай ауылында - Абай су қоймасында;

Табантал ауылдық округі Табантал ауылында - Табантал өзенінде; Тассай ауылдық округі Тассай ауылында - Тассай өзенінде.

Қыс мезгілінде қардың басуларына қарсы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін агломерация аймағына кіретін автомобиль жолдарында қардан қорғау қондырғысын кезең-кезеңмен орнату ұсынылады: республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарында :

ұзындығы 37 км М-32 "РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент" (630-667 км учаскесі);

ұзындығы 7 км М-32 "РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент" (690-697 км учаскесі);

ұзындығы 27 км М-32 "РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент" (760-787 км учаскесі);

ұзындығы 12 км М-32 "РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент" (798-810 км учаскесі);

ұзындығы 7 км М-32 "РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент" (843-850 км учаскесі);

ұзындығы 8 км Р-50 "Ақтөбе қаласының солтүстік айналма жолы" (16,18, 20, 21-23, 27 - 29, 30 - 31 км учаскесі);

ұзындығы 10 км А-25 "Ақтөбе - РФ шекарасы (Орскіге)" (35-45 км учаскесі);

ұзындығы 32 км А-25 "Ақтөбе - РФ шекарасы (Орскіге)" (60-63, 69-71, 78-81, 85-90, 99-103,110-125 км учаскесі);

ұзындығы 17 км А-24 "Ақтөбе - Мәртөк - РФ шекарасы (Орынборға)" 25-28, 36-40, 41-42, 43-44, 48-49,58-64, 68-69 км учаскесі);

ұзындығы 23 км А-27 "Ақтөбе - Атырау - РФ шекарасы (Астраханға)" 5-25, 40-43, 55-65 км учаскесі);

ұзындығы 15 км А-27 "Ақтөбе - Атырау - РФ шекарасы (Астраханға)" 70-80, 90-95 км учаскесі);

Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында:

ұзындығы 38 км "Ақтөбе - Родникова - Мәртөк" (05-43 км учаскесі);

ұзындығы 35,1 км Қазірет ауылына кіреберіс (0-35,1 км учаскесі);

ұзындығы 28 км "Дон - Бадамша - Ақтөбе - Орск" (48-76 км учаскесі);

ұзындығы 7,3 км "Ақтөбе - Мәртөк - РФ шекарасы" (0-7,3 км учаскесі);

ұзындығы 16 км "Дон - Бадамша - Ақтөбе - Орск" (19-48 км учаскесі);

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында:

Алға ауданында:

ұзындығы 2 км Ақай ауылына кіреберіс;

ұзындығы 9 км "Алға-Есет батыр Көкіұлы";

ұзындығы 4,26 км Есет Ата кешеніне кіреберіс;

ұзындығы 9 км "Бестамақ - Бесқоспа";

ұзындығы 15 км "Алға - Қарабұлақ";

ұзындығы 21 км "Алға - Самбай - Нұрбұлақ";

ұзындығы 9 км Қарақұдық ауылына кіреберіс;

ұзындығы 9 км Көктоғай ауылына кіреберіс;

ұзындығы 6 км Тікқайың ауылына кіреберіс;

ұзындығы 8 км "Қарақобда - Ерназар";

ұзындығы 0,2 км Маржанбұлақ ауылына кіреберіс;

ұзындығы 3,5 км Қарағандысай ауылына кіреберіс;

ұзындығы 1 км Қайыңдысай ауылына кіреберіс;
ұзындығы 16 км "Тоқмансай а. - Қайнар";
ұзындығы 15 км "Есет батыр Көкіұлы - Тоқмансай а.";
ұзындығы 0,6 км Сарықобда ауылына кіреберіс;
ұзындығы 0,8 км Болгарка ауылына кіреберіс;
ұзындығы 3,4 км Талдысай ауылына кіреберіс;
ұзындығы 3,6 км Еркін күш ауылына кіреберіс;
ұзындығы 6,5 км "Үшқұдық - Ақсазды".

Қобда ауданында:

ұзындығы 16 км "Бестау - Жарсай";
ұзындығы 9 км Терісаққан ауылына кіреберіс;
ұзындығы 2,6 км Жаңаталап ауылына кіреберіс.

Қарғалы ауданында:

ұзындығы 3 км "Қосестек - Тайкеткен - Бадамша";
ұзындығы 9 км "Дон - Бадамша - Қайрақты - "Ақтөбе-Орск";
ұзындығы 4 км "Бородиновка - Степной";
ұзындығы 8 км "Ақтөбе - Орск - Анастасьевна - Ащылысай";
ұзындығы 10 км "Ақтөбе - Орск - Сарыбұлақ - Херсон - Велиховка";
ұзындығы 2,5 км "Степной - Мамыт";
ұзындығы 6,5 км "Степной - Первомайское" .

Мұғалжар ауданында:

ұзындығы 12 км "Сағашилі - Сергеевка";
ұзындығы 8 км "Ақкемер - Көтібар батыр".

Мәртөк ауданында:

ұзындығы 16 км "Мәртөк - Дмитриевка - Полтавка";
ұзындығы 18 км "Вознесенка - Жаңажол - Мәртөк - Полтавка";
ұзындығы 0,5 км Қаратоғай ауылына кіреберіс;
ұзындығы 13 км Степановка ауылына кіреберіс;

Хромтау ауданында: ұзындығы 8 км "Дон - Сарсай";

ұзындығы 12 км Тассай ауылына кіреберіс;
ұзындығы 1,2 км Абай ауылына кіреберіс.

Ақтөбе агломерациясын
аумақтық дамытудың
өңіраралық схемасына
1-қосымша

Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Қазіргі жағдайы	Аралық мерзім 2020 жыл	Есептік мерзім 2030 жыл
1	2	3	4	5	6
1	Аумақ				
1)	Агломерациялық процестерді қалыптастыру аймағы	мың га	997,0	997,0	997,0
2)	Агломерацияның экономикалық әсер ету аймағы	мың га	3432,4	3432,4	3432,4
	оның ішінде:				
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	мың га/%	2253,68/ 65,7 %	2353,68/68,5 %	2514,93/73,2 %
	елді мекендердің жерлері, олардың:	-//-	587,82/ 17,1 %	590,45/17,2 %	594,05/17,3 %
	- қалалық	-//-	64,87	67,5	71,1
	- ауылдық	-//-	522,95	522,95	522,95
	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыштық қызмет қажеттіліктеріне, қорғанысқа, ұлттық қауіпсіздікке арналған және басқа да ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер	-//-	28,97/ 0,8 %	29,0/0,9 %	29,1/0,9 %
	ерекше қорғалатын аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	-//-	217,57/ 6,4 %	217,57/6,4 %	242,57/7,1 %
	орман қорының жерлері	-//-	41,6/1,2 %	43,3/1,2 %	45,05/1,3 %
	су қорының жерлері	-//-	6,67/0,2 %	6,67/0,2 %	6,7/0,2 %
	босалқы жерлер	-//-	296,1/ 8,6 %	191,73/5,6 %	0
2	Халық	-//-			
1)	Барлығы	мың адам	634,8 ¹	696,8	1000,9
	оның ішінде:				
	қала халқының саны	тұрғындардың жалпы санынан мың адам /%	495,1/ 78,0	548,3/78,7	782,4/78,2
	ауыл халқының саны	-//-	139,7/ 22,0	148,5/21,3	218,5/21,8
2)	тұрғындардың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:				
	туылғандар саны	-//-	15,2/2,4	16,7/2,4	24,0/2,4
	қайтыс болғандар саны		4,4/0,7	4,9/0,7	7,0/0,7

	өсуі / кемуі		10,8/1,7	11,8/1,7	17,0/1,7
3)	Халықтың көші-қон көрсеткіштері:				
	келгендер саны		13,3/2,1	14,6/2,1	21,0/2,1
	кеткендер саны		12,0/1,9	13,2/1,9	19,0/1,9
	өсім / кему	-//-	1,3/0,2	1,4/0,2	2,0/0,2
4)	Қалалар, барлығы	бірлік			
	ірі (есептік саны 500,0 мың адамнан асатын)	-//-	-	-	1
	үлкен (халықтың есептік саны 100,0 мың адамнан 500,0, мың адамға дейін)	-//-	1	1	-
	орташа (халықтың есептік саны 50,0 мың адамнан 100,0 мың адамға дейін)	-//-	-	-	-
	шағын (халықтың есептік саны 50,0 мың адамға дейін)	-//-	3	3	3
5)	Кенттер	-//-	-	-	-
6)	Ауылдар	-//-	108	108	108
7)	Халық тығыздығы	мың адам/100 км ²	6,4	7,0	10,0
8)	Ауыл халқының тығыздығы	-//-	1,5	1,6	2,3
9)	Халықтың жастық құрылымы:				
	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/% жалпы халық саны	165,1/26,0	206,9/29,7	277,3/27,7
	еңбекке қабілетті жастағы халық (16-62 жастағы еркектер, 16-57 жастағы әйелдер)	-//-	408,8/64,4	409,7/58,8	581,5/58,1
	еңбекке қабілетті жастан жоғары халық	-//-	60,9/9,6	80,1/11,5	142,1/14,2
10)	Жұмыспен қамтылған халық саны – барлығы	мың адам	353,1	390,3	565,1
11)	Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық	мың адам/% жұмыспен қамтылған халық саны			
	оның ішінде:	-//-			
	- өнеркәсіп	-//-	70,3/19,9	77,7/19,9	112,5/19,9
	- құрылыс	-//-	27,9/7,9	30,4/7,8	44,1/7,8
	- ауыл шаруашылығы	-//-	29,7/8,4	32,8/8,4	47,5/8,4
	- білім беру	-//-	47,0/13,3	51,9/13,3	75,2/13,3
	- денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	-//-	9,5/2,7	10,9/2,8	15,8/2,8

	- өзгелер	-//-	168,4/ 47,7	186,2/47,7	269,5/47,7
12)	Жұмыссыздық деңгейі		4,8	4,8	4,9
3	Экономикалық әлеует				
1)	Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	млрд. теңге	982,53	1399,03	2614,17
2)	Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемі	-//-	114,6	148,3	286
4	Тұрғын үй қоры				
1)	Барлығы	жалпы ауданының мың м ² , \%	11824/ 100	14243/100	26015/100
	оның ішінде:				
	қалалық елді мекендерде	-//-	9794/ 82,7	11794/82,7	21541/82,7
	ауылдық елді мекендерде	-//-	2030/ 17,3	2450/17,3	4475/17,3
2)	Халықтың жалпы тұрғын үй көлемімен қамтамасыз етілуі:	м ² /адам	21,0	22,6	27,7
	қалалық елді мекендерде	-//-	22,2	23,9	29,4
	ауылдық елді мекендерде	-//-	16,4	17,9	21,8
5	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері				
1)	Жоғарғы оқу орындары	бірліктер/ студенттер	6/20336	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ЕЖ 3.01- 101-2013 сәйкес жобалауға арналған тапсырма бойынша	
2)	Мектепке дейінгі, бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдары	сәйкес келетін бірліктер			
	Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары	бірлік/ оқушылар	39 / 29348	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 сәйкес жобалауға арналған тапсырма бойынша	
	Күндізгі жалпы білім беру мектептері	бірлік/мың орын	189/89,2	/103,9	/141,5
	Мектепке дейінгі ұйымдар	бірлік/мың орын	274/32,4	/48,4	/84,7
3)	Мәдениет және өнер ұйымдары:	сәйкес келетін бірліктер			
	оның ішінде:				
	театрлар	бірлік/орын	2/582	/582	/2418
	кинотеатрлар	бірлік/орын	2/1359	/1359	/5361
	кітапханалар	бірлік/мың том	98/3425	/3462	/3634
	клуб типіндегі ұйымдар	бірлік/орын	80 / 11496	/14232	/37818

4)	Денсаулық сақтау ұйымдары (ауруханалар, емханалар, перзентханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер және басқалар):	-//-			
	оның ішінде:				
	Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар	төсек	3658	3685	3550
	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар	ауысымына келу	10713	12578	16742
5)	Санаторий-курорттық мақсаттағы , демалыс және туризм объектілері (санаторийлер, пансионаттар, демалыс үйлері, лагерьлер және басқалар)	төсек-орын	2461	"Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ЕЖ 3.01 - 101-2013 "Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындары және олардың жер учаскелерінің мөлшерін есептеу нормалары" В-қосымшаға сәйкес жобалауға арналған тапсырма бойынша	
6)	Әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдары				
	оның ішінде:				
	Медициналық-әлеуметтік мекемелер	бірлік/орын	1/310	2/345	2/365
	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелер	бірлік/орын	1/400	2/431	2/453
	Стационарлық және жартылай стационар типіндегі (оның ішінде психоневрологиялық патологиялары және тірек-қозғалтқыш аппаратының ақауы бар) балаларға арналған ұйымдар	бірлік/орын	-	1/53	2/118
7)	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің басқа объектілері	сәйкес келетін бірліктер			
	Жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт залдар	еден алаңы мың шаршы метр	17,2	19,4	46,8
	Жалпыға ортақ пайдаланылатын бассейндер	су айдыны мың шаршы метр	3,8	5,2	13,3
6	Көліктік инфрақұрылымы				
1)	Теміржол қатынас жолдарының ұзақтығы	км	676,4	676,4	819,4
2)	Кепілдендірілген тереңдіктері бар кемелердің өзен жолдарының ұзақтығы	-//-	-	-	-
3)	Автомобиль жолдарының ұзындығы, барлығы	км	2352,2	2352,2	2415,3


	оның ішінде:				
	республикалық маңызы бар (халықаралық маңызы бар)	-//-	680,9	680,9	744
	облыстық маңызы бар	-//-	495,2	495,2	495,2
	аудандық маңызы бар	-//-	1176,1	1176,1	1176,1
4)	Газ құбырларының ұзақтығы	км	248	248	248
5)	Мұнай құбырларының ұзақтығы	км	97	-	-
6)	Көлік желісінің тығыздығы:	км/100 шаршы км			
7)	Әуежайлар	бірлік	1	1	1
	оның ішінде:				
	халықаралық маңызы бар	-//-	1	1	1
	мемлекеттік (ұлттық)	-//-	1	1	1
	жергілікті	-//-	-	-	-
	жеке меншік	-//-	-	-	-
7	Инженерлік инфрақұрылым				
1)	Сумен жабдықтау:				
	Жерасты көздерінің ресурстары	млн м ³ /жыл	580,64	580,64	580,64
	Жерүсті көздерінің ресурстары	-//-	1372,0	1372,0	1372,0
	Су тұтыну - барлығы	мың м ³ /тәулік	173,12	399,23	662,53
	оның ішінде:	-//-			
	шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне		103,80	112,86	153,87
	өнеркәсіптік қажеттіліктеріне	-//-	40,76	33,04	43,34
	ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне	-//-	24,82	221,57	431,72
	1 адамның тәуліктік орташа су тұтынуы	адам басына л /тәулік	278	623	985
	Су бұру - барлығы:	млн м ³ /жыл	20,60	31,81	42,81
	су объектілеріне	-//-	13,14	12,99	19,80
2)	Электрмен жабдықтау:				
	бекітілген қуаты, барлығы	МВт	447	533	660
	оның ішінде:				
	су электр станциясы	%	-	-	-
	жылу электр станциясы	-//-	100	97	90
	атом электр станциясы		-	-	-
	жаңартылатын энергия көздері	%	-	3	10
	Есептік қажеттілік:	млн кВт/сағ	4800	5200	6300
	оның ішінде:				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктері	-//-	864	936	1134
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	2544	2750	3400

	Қысымы 35 кВ және одан жоғары әуе электр беру желілерінің ұзақтығы	км	8300	9500	11000
3)	Жылумен жабдықтау:				
	Бекітілген қуаты	мың Гкал/сағ	2,8	3,2	4,1
	Есептік қажеттілік:	млн.Гкал	6,8	7,3	9,7
	оның ішінде:				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-	1,6	4,1	5,4
	өндірістік мұқтаждықтар	-//-	1,2	3,2	4,3
4)	Газбен жабдықтау:				
	Есептік қажеттілік:	млн. м ³ /жыл	1500,0	1512,8	1539,5
	оның ішінде:				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктеріне	-//-	226,5	227,9	241,9
	өндірістік қажеттіліктер	-//-	920	930	890
5)	Байланыс және телевизия				
	Интернет қолданушыларының саны	%	45	75	90
	Халықты цифрлық телевизиялық хабар таратумен қамту	% халықтың барлығы	85	90	95
8	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану				
1)	Табиғи ортасы жоғары деңгейде ластанған қалалардың саны	бірлік	1	0	0
2)	Ластаушы заттардың жалпы шығарындылары нормативтерінің бекітілген мәндерінің көлемі	мың тонна/жыл	161,0	180,0	180,0
3)	ҚТҚ жалпы көлемінің қайта өңделген қалдықтар үлесі	%	1,5	10	40
4)	Ластаушы заттардың тастандыларының бекітілген мәндерінің көлемі	мың тонна/жыл	7,2	5,1	5,1
5)	Орманмен көмкерілген мемлекеттік орман қоры алқаптарының көлемі	мың га	15,1	15,3	15,7
6)	Өңірдің жалпы көлеміне ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі	%	6,3	6,3	7,1
9	Гидротехникалық құрылыстар	бірлік	159	161	164
10	Өрт депосының ғимараты	Д е п о / автомобиль саны	10/40	12/48	22/48


¹ 2017 жылғы 1 шілдедегі халық саны

Ақтөбе агломерациясын
аумақтық дамытудың

өңіраралық схемасына
2-қосымша




Ақтөбе агломерациясын
аумақтық дамытудың
өңіраралық схемасына
3-қосымша




Ақтөбе агломерациясын
аумақтық дамытудың
өңіраралық схемасына
4-қосымша




Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 5-қосымша




Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 6-қосымша




Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 7-қосымша



Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 8-қосымша



Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 9-қосымша



Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 10-қосымша



Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасына 11-қосымша

Ақтөбе агломерациясының аймағына кіретін елді мекендердің тізбесі және елді мекендер бөлінісінде 2030 жылға дейінгі Ақтөбе агломерациясы халқының болжамды саны

P/c №	Аудан атауы	Ауылдық округ атауы	Елді мекеннің атауы	2017 жылғы 1 шілде	Халық санының болжамы, адам	
					2020 жыл	2030 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1	Ақтөбе қалалық әкімшілігі (бұдан әрі – қ.а.)	Ақтөбе қалалық әкімшілігі	Ақтөбе қаласы	414511	457531	652259
2	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Кеңес Нокин ауылы	5153	5568	7997
3	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Ақшат ауылы	593	640	920
4	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Белогорка ауылы	282	304	438
5	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Белогорский карьер ауылы	165	178	256
6	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Беккұл баба ауылы	1046	1131	1623
7	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Қызылжар ауылы	1954	2268	3541
8	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Пригородное ауылы	1922	2139	2983
9	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Садовое ауылы	697	753	1082
10	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Украинка ауылы	448	560	874
11	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Өлке ауылы	249	269	387
12	Ақтөбе қ.а.	Благодарный	Шилісай ауылы	78	85	122
13	Ақтөбе қ.а.	Қарғалы	Қарғалы ауылы	19254	20805	29881

14	Ақтөбе қ.а.	Қарғалы	Ақжар ауылы	1210	1420	2032
15	Ақтөбе қ.а.	Қарғалы	Мағаджан ауылы	490	643	1068
16	Ақтөбе қ.а.	Құрайлы	Құрайлы ауылы	1902	2055	2952
17	Ақтөбе қ.а.	Құрайлы	Георгиевка ауылы	1732	1873	2688
18	Ақтөбе қ.а.	Құрайлы	Елек ауылы	1724	1862	2674
19	Ақтөбе қ.а.	Құрайлы	Разъезд 39	170	184	264
20	Ақтөбе қ.а.	Құрайлы	Өрлеу ауылы	2191	2367	3400
21	Ақтөбе қ.а.	Новый	Жаңақоныс ауылы	8620	10385	18575
22	Ақтөбе қ.а.	Новый	Құрашасай ауылы	1937	2094	3007
23	Ақтөбе қ.а.	Сазды	Сазды ауылы	4115	4447	6386
24	Алға	Алға қалалық әкімшілігі	Алға қаласы	20136	23459	33713
25	Алға	Бесқоспа	Есет батыр Көкіұлы ауылы	1618	1576	2297
26	Алға	Бестамақ	Бестамақ ауылы	3546	3453	5034
27	Алға	Бестамақ	Бестамақ ауылы	358	348	508
28	Алға	Қаракұдық	Қаракұдық ауылы	873	850	1240
29	Алға	Қаракұдық	Көктоғай ауылы	318	310	451
30	Алға	Қаракұдық	Тікқайың ауылы	352	343	500
31	Алға	Ақай	Ақай ауылы	707	689	1004
32	Алға	Үшкұдық	Үшкұдық ауылы	1109	1080	1574
33	Алға	Үшкұдық	Жерұйық ауылы	233	228	331
34	Алға	Үшкұдық	Ақсазды ауылы	98	96	139
35	Алға	Қараағаш	Самбай ауылы	872	849	1239
36	Алға	Қараағаш	Нұрбұлақ ауылы	533	520	757
37	Алға	Қарақобда	Қарақобда ауылы	560	545	795
38	Алға	Қарақобда	Ерназар ауылы	138	134	196
39	Алға	Маржанбұлақ	Маржанбұлақ ауылы	1600	1559	2272
40	Алға	Маржанбұлақ	Қайыңдысай ауылы	342	333	484
41	Алға	Сарықобда	Сарықобда ауылы	410	400	583
42	Алға	Тамды	Тамды ауылы	2171	2115	3082
43	Алға	Тамды	Еркінкүш ауылы	171	217	355
44	Алға	Тамды	Талдысай ауылы	325	316	461
45	Қарғалы	Бадамша	Бадамша ауылы	5535	6136	8703
46	Қарғалы	Ащылысай	Ащылысай ауылы	872	978	1387
47	Қарғалы	Ащылысай	Преображеновка ауылы	138	145	220
48	Қарғалы	Ащылысай	Ақкөл ауылы	251	282	399
49	Қарғалы	Велихов	Велихов ауылы	284	319	453
50	Қарғалы	Желтау	Петропавловка ауылы	2322	2606	3695
51	Қарғалы	Желтау	Шәмші Қалдаяқов ауылы	1621	1819	2579

52	Қарғалы	Кемпірсай	Жосалы ауылы	683	648	989
53	Қарғалы	Кемпірсай	Кемпірсай ауылы	195	219	311
54	Қарғалы	Кемпірсай	Қарабұтақ ауылы	197	134	223
55	Қарғалы	Қосестек	Қосестек ауылы	1566	1757	2492
56	Қарғалы	Степной	Степное ауылы	694	610	922
57	Қарғалы	Степной	Қайрақты ауылы	429	376	650
58	Қобда	Қобда	Қобда ауылы	5413	6280	9582
59	Қобда	Бестау	Бестау ауылы	507	614	857
60	Қобда	Бұлақ	Әлия ауылы	966	1021	1363
61	Қобда	Бұлақ	Талдысай ауылы	861	764	1008
62	Қобда	Білтабанов атындағы а.о.	Иманғали Білтабанов атындағы ауыл		609	540
63	Қобда	Білтабанов атындағы а.о.	Қосөткел ауылы	190	168	222
64	Қобда	Білтабанов атындағы а.о.	Байтақ ауылы	103	91	121
65	Қобда	Жаңаталап	Жаңаталап ауылы	394	470	643
66	Қобда	Жарсай	Жарсай ауылы	510	453	598
67	Қобда	Жарсай	Ақсай ауылы	275	244	322
68	Қобда	Терісаққан	Терісаққан ауылы	564	501	660
69	Мәртөк	Мәртөк	Мәртөк ауылы	10149	11789	16939
70	Мәртөк	Мәртөк	Қазан ауылы	509	524	756
71	Мәртөк	Мәртөк	Құмсай ауылы	148	152	219
72	Мәртөк	Байторысай	Байторысай ауылы	413	425	614
73	Мәртөк	Байторысай	Дмитриевка ауылы	205	211	305
74	Мәртөк	Байторысай	Покровка ауылы	228	235	339
75	Мәртөк	Байторысай	Полтавка ауылы	406	418	604
76	Мәртөк	Қазірет	Қазірет ауылы	682	702	1014
77	Мәртөк	Қазірет	Жездібай ауылы	51	53	96
78	Мәртөк	Жайсаң	Жайсаң (Яйсан) ауылы	2970	3057	4413
79	Мәртөк	Жайсаң	Жаңатаң ауылы	35	36	75
80	Мәртөк	Жайсаң	Көкпекті ауылы	169	175	252
81	Мәртөк	Қаратоғай	Қаратоғай ауылы	1698	1748	2524
82	Мәртөк	Қарашай	Қаратаусай ауылы	485	500	721
83	Мәртөк	Тәңірберген	Саржансай ауылы	987	1016	1466
84	Мәртөк	Тәңірберген	Кеңсахара ауылы	621	639	923
85	Мәртөк	Аққұдық	Вознесеновка ауылы	691	711	1026
86	Мәртөк	Аққұдық	Веренка ауылы	577	594	857
87	Мәртөк	Аққұдық	Первомайка ауылы	155	160	231
88	Мәртөк	Аққұдық	Жаңажол ауылы	116	120	173
89	Мәртөк	Аққұдық	Қарабұлақ ауылы	114	117	170

90	Мәртөк	Родников	Родниковка ауылы	1619	1667	2405
91	Мәртөк	Сарыжар (Хлебодаровский)	Сарыжар (Хлебодаровский)	4472	4604	6646
92	Мұғалжар	Қандыағаш қалалық әкімшілігі	Қандыағаш ауылы	34461	37679	53840
93	Мұғалжар	Ақкемер	Ақкемер ауылы	1890	1795	2811
94	Мұғалжар	Ақкемер	Көктөбе ауылы	195	186	290
95	Мұғалжар	Ақкемер	Жарық ауылы	518	492	771
96	Мұғалжар	Ақкемер	Елек ауылы	609	578	906
97	Мұғалжар	Ақкемер	Көтібар батыр ауылы	203	193	303
98	Мұғалжар	Еңбек	Басшилi ауылы	812	800	870
99	Мұғалжар	Еңбек	Сағашилi ауылы	1788	1698	2660
100	Мұғалжар	Еңбек	Темір көпір станциясы	281	267	419
101	Хромтау	Хромтау қаласы	Хромтау қаласы	26015	29633	42581
102	Хромтау	Абай	Абай ауылы	362	324	475
103	Хромтау	Абай	Жарбұтақ ауылы	82	73	107
104	Хромтау	Абай	Тассай ауылы	99	88	130
105	Хромтау	Дон	Дон ауылы	2697	2500	3594
106	Хромтау	Дон	Оңғар ауылы	409	366	537
107	Хромтау	Қызылсу	Сарысай ауылы	522	467	687
108	Хромтау	Ақжар	Ақжар ауылы	2271	2032	2985
109	Хромтау	Ақжар	Жазық (Просторная) станциясы	292	261	384
110	Хромтау	Никельтау	Никельтау ауылы	1259	1126	1655
111	Хромтау	Тассай	Тассай ауылы	233	215	315
112	Хромтау	Тассай	Көкпекті ауылы	225	207	304
	Ақтөбе агломерациясы бойынша барлығы			634820	696790	1000926